**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 7 карашадағы № 248-V ҚРЗ

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз.

**1-бап**. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 83, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 7, 36-құжат; № 10, 11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61, 63-құжаттар; № 14, 84-құжат):

50-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына, тіркеу орны бойынша мемлекеттік кіріс органына дереу жазбаша түрде

хабарлауға міндетті.».

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 23, 335-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139-құжат; № 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 21-22, 87-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 12, 72-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 15-16, 62, 63-құжаттар; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 15-16, 71, 73-құжаттар; № 17, 81, 83-құжаттар; № 23, 113, 115-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 11, 59-құжат; № 17-18, 111-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар; № 19, 145-құжат; № 20, 158-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 44-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 93-құжат; 2013 ж., № 2, 10, 13-құжаттар; № 7, 36-құжат; № 13, 62, 64-құжаттар; № 14, 72, 74-құжаттар; № 15, 76, 78-құжаттар; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 11-құжат; № 8, 49-құжат; № 11, 61-құжат; № 15-І, 15-ІІ, 88-құжат; № 16, 90-құжат):

1) 64-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тергеуші – өз құзыреті шегінде қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуді немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген лауазымды адам: арнайы прокурор, ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің тергеушісі және экономикалық тергеу қызметінің тергеушісі.»;

2) 65-баптың екінші бөлігінің 4) және 5) тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет;

5) экономикалық тергеу қызметі;»;

3) 123-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Құжаттар жазбаша да, өзге нысанда да тіркеп жазылған мәліметтерді қамтуы мүмкін. Құжаттарға, сонымен бірге осы Кодекстің 125-бабында көзделген тәртіппен алынған, талап етіп алдырылған немесе ұсынылған тергеуге дейінгі тексеру материалдары (түсініктемелер және басқа да айғақтар, түгендеулердің, ревизиялардың актілері, анықтамалар, салықтық тексерулердің актілері, мемлекеттік кіріс органдарының қорытындылары), сондай-ақ компьютерлік ақпаратты қамтитын материалдар, фото- және кино түсірілімдер, дыбыс- және бейнежазбалар жатады.»;

4) 191-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді Ұлттық қауіпсіздік комитетінің,

ішкі істер органдарының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, экономикалық тергеу қызметінің тергеушілері, ал осы Кодексте көзделген жағдайларда, прокурорлар да жүргізеді.»;

5) 192-бапта:

екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 96 – 103, 107 (екінші бөлігінде), 112, 113, 114, 116 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 117 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 120 – 122, 124, 125, 126 (екінші және үшінші бөліктерінде), 127, 128 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 131, 132 (екінші және үшінші бөліктерінде), 132-1 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 133, 138, 138-1, 141 (екінші бөлігінде), 142 (екінші бөлігінде), 143, 145 (үшінші бөлігінде), 146 – 153, 155, 174, 175 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 178 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 179, 180, 181 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 183-1, 185 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 186 (екінші бөлігінде), 187 (екінші және үшінші бөліктерінде), 224, 227-2 – 227-10, 229, 230 (екінші бөлігінде), 232, 234, 237, 241, 242, 242-1, 245, 245-1, 246, 246-1, 251 (екінші және үшінші бөліктерінде), 252 (екінші және үшінші бөліктерінде), 254 (екінші бөлігінде), 255 (бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 257 (екінші және үшінші бөліктерінде), 259 (1-1, екінші, 2-1, үшінші және төртінші бөліктерінде), 260, 261 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 263 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 264, 267 – 269, 270 (екінші және үшінші бөліктерінде), 271 (екінші және үшінші бөліктерінде), 273-1, 275 (екінші бөлігінде), 275-1 (екінші бөлігінде), 277 – 286, 287 (екінші және үшінші бөліктерінде), 288 (екінші және үшінші бөліктерінде), 289, 292 (екінші бөлігінде), 294, 295, 298 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 299 (екінші және үшінші бөліктерінде), 300 (екінші және үшінші бөліктерінде), 301, 302 (екінші бөлігінде), 303 – 305, 319, 319-1, 320 (екінші бөлігінде), 321 – 322, 327 (үшінші бөлігінде), 330-2 (екінші бөлігінде), 335 – 338-1, 339 (екінші және үшінші бөліктерінде), 340, 341, 343, 358 (екінші бөлігінде), 360 (екінші және үшінші бөліктерінде), 361, 362 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 367 (төртінші бөлігінде), 368 (екінші бөлігінде), 369 (екінші бөлігінде), 370 (үшінші бөлігінде), 373 (екінші бөлігінде), 374 (екінші бөлігінде), 377 (екінші бөлігінде), 381 (екінші бөлігінде), 382 (бірінші бөлігінде), 390 (екінші және үшінші бөліктерінде), 391 (екінші және үшінші бөліктерінде), 392, 393-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша, сондай-ақ осы Кодекстің 177-бабы екінші бөлігінің 2) тармағында көзделген тәртіппен қозғалған қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді ішкі істер органдарының тергеушілері жүргізеді.

3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 176 (үшінші бөліктің г) тармағында), 177 (үшінші бөліктің г) тармағында), 177-1 (үшінші бөліктің б) тармағында), 192 (екінші бөліктің в) тармағында), 193 (үшінші бөліктің а) тармағында), 209 (үшінші бөліктің а) тармағында), 226-1 (үшінші бөліктің б) тармағында), 269-1 (

үшінші бөліктің в) тармағында), 307, 308, 310 – 315-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің тергеушілері жүргізеді.»;

мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

«3-1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190 (екінші бөлігінде), 191, 192 (бірінші бөлігінде, екінші бөліктің а), б) тармақтарында, үшінші бөлігінде), 192-1, 194 – 196, 199 – 205-3, 206, 209 (екінші бөлігінде, үшінші бөлігінің б) тармағында), 213, 214 (екінші бөлігінде), 215 – 220, 221 (екінші бөлігінде), 222 (екінші және үшінші бөліктерінде), 222-1, 226 (екінші бөлігінде), 226-1 (бірінші және екінші бөліктерінде, үшінші бөліктің а) тармағында), 231, 269-1 (бірінші, екінші бөліктерінде, үшінші бөліктің а) және б) тармақтарында)-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді экономикалық тергеу қызметінің тергеушілері жүргізеді.»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 309, 316, 345, 346, 347, 348 (1-1, 1-2, екінші бөліктерінде), 350-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық іс қозғаған ішкі істер органы немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 141-1, 344, 363-1-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді осы органның қызметкері болып табылмайтын адамға қатысты қылмыстық іс қозғаған ішкі істер органдары немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізеді.»;

4-3 және 4-4-бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«4-3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 193 (бірінші, екінші бөліктерінде, үшінші бөліктің б) және в) тармақтарында), 235, 235-1, 235-2, 235-3, 235-4-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық іс қозғаған ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.

4-4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 233-3-бабында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық іс қозғаған ұлттық қауіпсіздік органдары немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.»;

мынадай мазмұндағы 4-5, 4-6 және 4-7-бөліктермен толықтырылсын:

«4-5. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 142 (үшінші бөлігінде), 176 (екінші бөлігінде, үшінші бөліктің б) тармағында, төртінші бөлігінде), 177 (екінші бөлігінде, үшінші бөліктің б) тармағында, төртінші бөлігінде), 177-1 (екінші бөлігінде, үшінші бөліктің а) және в) тармақтарында), 182 (екінші бөлігінде), 183 (екінші және үшінші бөліктерінде), 184, 184-1, 207, 228-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық іс қозғаған ішкі істер

органдары немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 176 (төртінші бөлігінде) не 177 (төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша, егер олар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 176 (үшінші бөліктің г) тармағы) не 177 (үшінші бөліктің г) тармағы)-баптары бойынша көзделген алдын ала тергеу жүргізумен тікелей байланысты болса, алдын ала тергеуді сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізуі мүмкін.

4-6. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 348 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 349, 351, 352, 353, 354, 355, 356, 357, 363, 364, 365-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық іс қозғаған ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.

4-7. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 380, 380-1, 380-2-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық іс қозғаған ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізеді.»;

6) 285-бапта:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Экономикалық тергеу қызметі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190 (бірінші бөлігінде), 198, 208, 209 (бірінші бөлігінде), 214 (бірінші бөлігінде), 221 (бірінші бөлігінде), 222 (бірінші бөлігінде), 226 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды жүргізеді.»;

мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

«3-1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 307-1-бабында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды жүргізеді.»;

8-1 және 8-4-бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«8-1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 176 (бірінші бөлігінде), 177 (бірінші бөлігінде), 177-1 (бірінші бөлігінде), 182 (бірінші бөлігінде), 183 (бірінші бөлігінде), 250 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды қылмыстық іс қозғаған ішкі істер органы немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.»;

«8-4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 325-бабында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды қылмыстық іс қозғаған ішкі істер органы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі немесе егер, олар күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тізбесі заңда белгіленген күзетілетін адамдарға қарсы тікелей бағытталған болса, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі жүргізеді.»;

8-2 және 9-бөліктер алып тасталсын.

3. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне ( Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат, № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2 -3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4 -5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

938-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жоғалтылған табыстың (кірістің) құрамына негізгі жұмыс орны бойынша да, сондай-ақ қоса атқаратын жұмысы бойынша да еңбек және азаматтық-құқықтық шарттар бойынша еңбекке ақы төлеудің жеке табыс салығы салынатын барлық түрлері кіргізіледі. Біржолғы сипаттағы төлемдер (пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақылар, жұмыстан босатылған кездегі жұмыстан шығу жәрдемақысы және басқалары) есептелмейді. Уақытша еңбекке жарамсыздық және жүктілік пен босануға байланысты демалыс кезеңі үшін төленген жәрдемақы есепке алынады. Кәсіпкерлік қызметтен алынатын кірістер, сондай-ақ авторлық қаламақы жоғалтылған табыстың құрамына кіргізіледі, бұл ретте кәсіпкерлік қызметтен алынатын кірістер мемлекеттік кіріс органы деректерінің негізінде кіргізіледі.

Табыстың (кірістің) барлық түрлері салықтар ұсталғанға дейін есептелген сомаларда ескеріледі.».

4. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 21-22, 281-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; № 14, 109-құжат; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; № 17, 97-

құжат; № 23, 140-құжат; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; № 24 , 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 15-16, 62-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 127, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 3-4, 12-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 17-18, 111-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 28-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 93-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж. , № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 64-құжат; № 14, 72, 74-құжаттар; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 6, 9-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 11, 67-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 135-баптың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекет мүдделеріне орай қойылған, сондай-ақ алименттерді өндіріп алу, асыраушысының жарақат алуымен немесе денсаулығының өзгедей зақымдануымен немесе қайтыс болуымен келтірілген зиянды өтеу туралы талап қоюлар бойынша жауапкердің тұрған жері белгісіз болған кезде сот жауапкерді ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет немесе экономикалық тергеу қызметі арқылы іздестіруді жариялауға міндетті. Соттың жауапкерді іздестіруді жариялауы істі қарауға кедергі болмайды.

Іздестіру іс-шаралары барысында жауапкердің жүрген жері анықталған кезде оған сотқа шақыру туралы соттың шақыру қағазы табыс етіледі.

3. Жауапкерді іздестіру жөніндегі шығыстарды өндіріп алу іздестіруді жүзеге асыратын органның өтініші бойынша сот бұйрығын беру арқылы жүргізіледі.»;

2) 140-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) егер жауапкерді немесе борышкерді іздестіруді жүзеге асыратын орган жауапкерді немесе борышкерді іздестіру жөніндегі шығыстарды өндіріп алу туралы талапты мәлімдеген болса;».

5. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат;

№ 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160 -құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22 -құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84, 85-құжаттар; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 93, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 10, 11, 13-құжаттар; № 4, 21-құжат; № 7, 36-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 54, 56 -құжаттар; № 13, 62, 63, 64-құжаттар; № 14, 72, 74, 75-құжаттар; № 15, 77, 78, 79, 81, 82 -құжаттар; № 16, 83-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 1, 6, 9-құжаттар; № 2, 10, 11-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 46, 49-құжаттар; № 11, 61, 65-құжаттар; № 14, 86-құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 12 шілдеде « Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

219 және 355-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«219-бап. Салық органдарының және олардың лауазымды адамдарының заңды талаптарын орындамау»;

«355-бап. Прокуратура, ішкі істер (полиция), ұлттық қауіпсіздік органдары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі, әскери полиция, кеден органы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган қызметкерінің нұсқамаларын орындамау немесе заңды өкіміне немесе талабына қаскөйлікпен бағынбау»;

555 және 570-баптардың тақырыптары алып тасталсын;

570-1-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«570-1-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет»;

мынадай мазмұндағы 570-2-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«570-2-бап. Мемлекеттік кіріс органдары»;

2) 35-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әскери қызметшілер мен әскери жиында жүрген әскери міндеттілер осы Кодекстің 512-1 – 512-5-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік жарғылар бойынша жауаптылықта болады. Прокурорлар, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, арнаулы мемлекеттік органдардың және экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлері әкімшілік құқық бұзушылықтары үшін тиісті органдарда қызмет өткеру тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жауаптылықта болады.»;

3) 216-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа да ұйымдар, қор биржалары лауазымды адамдарының салық заңнамасында көзделген міндеттерді:

салық төлеушілердің — заңды тұлғалардың (заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың) банктік шоттарын ашқаны туралы салық органдарына хабарламау, салық төлеушілердің өздерінің банктік шоттарынан салық сипатындағы міндетті төлемдер сомаларын, оларға салық органдары берген және оларды есепке қою фактісін растайтын құжатты ұсынбай, республикалық және жергілікті бюджеттерге аударуға төлем тапсырмаларын жүзеге асыру;

банктік шоттарында клиенттің ақшасы клиентке қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыру үшін жеткілікті болған кезде салық төлеушілердің өздерінің банктік шотынан бюджетке төленетін салықтар, басқа да міндетті төлемдер, өсімпұлдар мен айыппұлдар сомаларын аударуға (төлеуге) төлем тапсырмаларын бірінші кезекте

орындамау;

банкке немесе бюджет жүйесінің кассалық атқарылуын жүзеге асыратын басқа ұйымға салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын аудару кезінде банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның кінәсінен аудармау (есепке жатқызбау), уақтылы аудармау (банктік шоттарынан ақшаны есептен шығару бойынша операциялар жасалған күннен немесе қолма-қол ақшаны банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға енгізгеннен кейінгі күннен кешірек) не төлем құжатының деректемелерін толтыру кезінде қателер жіберу;

банктік шоттарында клиенттің ақшасы клиентке қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыру үшін жеткілікті болған кезде салық төлеушілерден белгіленген мерзімде енгізілмеген салықтар және басқа да міндетті төлемдер, өсімпұлдар мен айыппұлдар сомаларын бюджетке алу жөніндегі салық органдарының инкассолық тапсырмаларын (өкімдерін) бірінші кезекте орындамау;

салық органдарының қызметкерлерін банктік шоттар бойынша жасалған ( жасалатын) операцияларды, салық төлеушілердің — заңды тұлғалардың (заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың) осы шоттарда ақшасының бар-жоғын, сондай-ақ нақты жеке тұлғалардың операцияларын және шоттарында, салымдарында ақшасының бар-жоғын тексеруге жіберуден бас тарту немесе осы тексерулерді жүзеге асыруға өзге де кедергі жасау;

салық органдарының заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің, жекеше нотариустардың, жеке сот орындаушыларының және адвокаттардың банк шоттары бойынша олардың барлық шығыс операцияларын тоқтата тұру жөніндегі өкімдерін орындамау, анықталған салық заңнамасын бұзушылықты жою туралы талаптарды орындамау, салық органдарына және олардың лауазымды адамдарына қаржылық есептілікті, есеп-қисаптар мен салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді есептеуге және төлеуге, бағаларды және тарифтерді белгілеуге және қолдануға байланысты басқа да құжаттарды ұсынбау немесе ұсынудан бас тарту;

салық органдарының сұрау салулары бойынша белгілі бір кезеңде банктік шоттар бойынша жасалған операциялар туралы, салық төлеушілердің осы шоттарда ақшасының бар-жоғы туралы мәліметтерді ұсынбау;

банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, қор биржаларының лауазымды адамдарының салық органдарының сұрау салулары бойынша салық төлеушілердің алдыңғы жыл ішіндегі қаржы операциялары туралы және уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша және мерзімде есептелген сыйақы (мүдде) туралы мәліметтерді ұсынбауы;

клиентте аталған банкте салық органдары инкассолық өкімдер немесе салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдер шығарған ашылған банктік шоты болған кезде жаңа банктік шот ашу;

жұмыс істемейтін салық төлеушіге банктік шот ашу түрінде орындамауы –
отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

4) 217-баптың бірінші бөлігінің сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«өз клиентінде аталған банкте салық органдары инкассолық өкімдер немесе салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдер шығарған ашылған банктік шоты болған кезде, оған жаңа банктік шот ашу;»;

5) 219-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«219-бап. Салық органдарының және олардың лауазымды адамдарының заңды талаптарын орындамау»;

бірінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Салық төлеушінің салық органдарының және олардың лауазымды адамдарының заңды талаптарын орындамауы –

жеке тұлғаларға – сегіз, лауазымды адамдарға он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

«3. Салық төлеуші кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланатын аумаққа немесе үй-жайға (тұрғын үй-жайдан басқа) салықтық тексеруді жүргізетін салық органының лауазымды адамын жіберуге заңсыз кедергі келтіру –

дара кәсіпкерлерге және лауазымды адамдарға қырық бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

6) 355-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«355-бап. Прокуратура, ішкі істер (полиция), ұлттық қауіпсіздік органдары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі, әскери полиция, кеден органы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган қызметкерінің нұсқамаларын орындамау немесе заңды өкіміне немесе талабына қаскөйлікпен бағынбау**

1. Прокуратура, ішкі істер (полиция), ұлттық қауіпсіздік органдары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі, әскери полиция, кеден органы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы

уәкілетті орган қызметкерінің қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде оның нұсқамаларын және (немесе) басқа да заңды талаптарын орындамау –

лауазымды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге – айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Прокуратура, ішкі істер (полиция), ұлттық қауіпсіздік органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі, әскери полиция, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі, кеден органы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган қызметкерінің қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде оның заңды өкіміне немесе талабына қаскөйлікпен бағынбау, сол сияқты тіл тигізу не оған қатысты зорлық әрекеттерін жасау қатерін төндіру –

айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.»;

7) 358-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Салық органдарына ұсыну үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған мәліметтерді жергілікті атқарушы органдардың және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың ұсынбауы, уақтылы, анық немесе толық ұсынбауы –

лауазымды адамдарға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

8) 541-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мамандандырылған аудандық және соларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 79-1, 79-3, 79-4, 79-5, 79-6, 80 – 84-1, 85 (төртінші және бесінші бөліктерінде ), 85-1 (екінші бөлігінде), 85-2 (екінші бөлігінде), 85-3, 86, 86-1, 86-2, 87 (2-1 және 2-2-бөліктерінде), 87 (бесінші және алтыншы бөліктерінде), 87-2, 87-3, 87-4, 87-5, 95 – 110-1, 122, 124 (бірінші бөлігінде), 127, 129, 130, 135-1, 136 – 136-3, 140 (екінші бөлігінде), 141-1, 143, 143-1, 143-2, 144-1, 145, 146-1, 147, 147-1 (екінші бөлігінде), 147-6 (2-1-бөлігінде), 147-10 (екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші және он төртінші бөліктерінде), 147-11 (жетінші және тоғызыншы бөліктерінде), 147-12, 147-13, 151, 151-1, 153, 154, 154-1, 155, 155-2, 156, 157, 157-1, 158, 158-3, 158-4, 158-5, 159, 161 (бірінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 162, 163 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші және он үшінші бөліктерінде), 163-2, 163-3, 163-4, 163-6, 167-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 168-1, 168-3, 168-5, 168-8, 175 ( екінші бөлігінде) (жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, аудиторлар және

аудиторлық ұйымдар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 176 (үшінші бөлігінде), 177-3, 177-4, 177-5, 179 (бірінші және екінші бөліктерінде), 179-1, 183, 184, 184-1, 185, 187, 188 (екінші бөлігінде), 190, 192, 200, 202, 203, 206-2, 208-1, 209, 213 (төртінші – алтыншы бөліктерінде), 214, 219-6, 219-8 (екінші және үшінші бөліктерінде), 222 – 226, 228 – 229, 230-1, 230-2, 231 (екінші бөлігінде), 232, 233, 234-1, 235 (екінші бөлігінде), 235-1 (төртінші бөлігінде), 237, 237-1, 240-2, 246 (екінші бөлігінде), 275-1, 278 (бірінші бөлігінде), 283 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 298 (екінші және үшінші бөліктерінде), 298-1 (екінші бөлігінде), 302 (үшінші бөлігінде), 303 (екінші бөлігінде), 304 (екінші бөлігінде), 305 (екінші бөлігінде), 306 (екінші бөлігінде), 306-1 (үшінші бөлігінде), 306-2, 306-3 (екінші және үшінші бөліктерінде), 308, 309-1 (жетінші және сегізінші бөліктерінде), 309-2 (төртінші бөлігінде), 309-4 (сегізінші, тоғызыншы бөліктерінде), 309-5, 310-1 (1-1 және екінші бөліктерінде), 311-1 (жетінші бөлігінде), 314, 315, 316, 317 (екінші және үшінші бөліктерінде), 317-1, 317-2, 317-4 (екінші және үшінші бөліктерінде), 318, 319, 319-1, 320 (бірінші және 1-1-бөліктерінде), 321, 322 ( үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 323 (екінші бөлігінде), 324 (екінші және үшінші бөліктерінде), 324-1, 324-2, 326, 327 (бірінші бөлігінде), 328, 328-2 (екінші бөлігінде), 330, 330-1 (екінші бөлігінде), 332 (бірінші, екінші және төртінші бөліктерінде), 335, 336 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 336-1 (үшінші бөлігінде), 336-2 (үшінші бөлігінде), 338 (бірінші бөлігінде), 338-1, 339, 340, 341-1, 342 – 344, 346 – 357, 357-1, 357-2 (екінші бөлігінде), 357-3, 357-4, 357-5, 357-6, 357-7 (екінші бөлігінде ), 362, 362-1, 363, 365, 366, 367, 368, 368-1, 369 (екінші бөлігінде), 370 (екінші бөлігінде ), 371 (екінші бөлігінде), 372 – 376, 380 (екінші бөлігінде), 380-2, 381-1, 386 (үшінші бөлігінде), 388, 388-1, 389-1, 390 (екінші бөлігінде), 391 (екінші бөлігінде), 391-1 ( екінші және үшінші бөліктерінде), 393, 394 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде ), 394-1, 396 (төртінші бөлігінде), 400-1, 400-2, 405 (бірінші бөлігінде), 409, 410, 413, 413-1, 413-2, 414, 415, 417, 417-1, 418, 421, 423, 424, 425-1, 426 – 430, 433, 442, 443 ( бесінші бөлігінде), 445, 453 (екінші бөлігінде), 454 (бірінші – үшінші бөліктерінде), 461 (3-1-бөлігінде), 463-3 (үшінші бөлігінде), 464-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 464-2 (екінші бөлігінде), 464-3 (екінші – төртінші бөліктерінде), 465 (екінші бөлігінде), 466 (екінші бөлігінде), 467, 468 (бірінші және екінші бөліктерінде), 468-1, 468-2, 469 ( екінші және үшінші бөліктерінде), 471 (бірінші, екінші, төртінші – он бірінші бөліктерінде), 473 (үшінші бөлігінде), 474-1, 474-2, 477 (үшінші бөлігінде), 484, 492 ( екінші бөлігінде), 494 (екінші бөлігінде), 494-1 (үшінші және бесінші бөліктерінде), 496 (екінші бөлігінде), 501, 512-1 – 512-5, 513 – 518, 520 – 524, 528 – 537-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

9) 555 және 570-баптар алып тасталсын;

10) 570-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«570-1-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет осы Кодекстің 358-1, 359, 360 және 361-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басшысы мен оның орынбасарлары, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар бойынша, Қазақстан Республикасы астанасының, өңіраралық, аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің арнаулы бөлімшелерінің басшылары мен олардың орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.»;

11) мынадай мазмұндағы 570-2-баппен толықтырылсын:

**«570-2-бап. Мемлекеттік кіріс органдары**

1. Мемлекеттік кіріс органдары осы Кодекстің 88 (үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 88-1 (екінші, 2-1 және үшінші бөліктерінде), 140 (бірінші бөлігінде), 141, 155-1, 155-3, 155-4, 155-5, 161-1, 161-2, 163 (бірінші, екінші, бесінші және он екінші бөліктерінде), 164, 166, 169-1, 176 (бірінші бөлігінде), 205, 205-1, 205-2, 206, 206-1, 207, 208, 210, 211, 213 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 215, 216, 217, 218, 218-1, 219, 357-2 (бірінші бөлігінде), 358, 358-1, 360, 400, 401, 402, 403, 404, 405 (екінші және үшінші бөліктерінде), 406, 407, 409-1, 411, 412, 425, 431, 434, 434-1, 435, 438, 438-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Мемлекеттік кіріс органдары, осы тармақта аталған әкімшілік құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде жасалса, осы Кодекстің 175 (екінші бөлігінде), 220, 240 (бірінші бөлігінде), 247, 294 (бірінші бөлігінде), 323 (бірінші бөлігінде), 447 (екінші және үшінші бөліктерінде), 447-1 (бірінші бөлігінде), 447-2, 447-3, 460 (автомобиль көлігіндегі әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша), 461 (бірінші, екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, 6-1 және сегізінші бөліктерінде), 463 (екінші, үшінші және 3-1-бөліктерінде), 467-1, 470 (үшінші бөлігінде), 477 (төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

3. Мемлекеттік кіріс органының басшысы мен оның орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.»;

12) 584-баптың ескертуінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Салық органы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен электрондық салық төлеушілер ретінде тіркелген тұлғаларға электрондық тәсілмен жіберілген хабарлама (хабардар ету) да осы Кодексте тиісінше хабарлау ( хабардар ету) деп танылады.»;

13) 619-баптың бірінші бөлігінде:

5-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5-1) кәсіпкерлік қызмет, сауда және қаржы, салық салу, кеден ісі саласында құқық бұзушылықтар жасалғанда – экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлері;»;

мынадай мазмұндағы 5-3) тармақшамен толықтырылсын:

«5-3) белгіленген басқару тәртібіне және мемлекеттік билік институттарына қол сұғатын құқық бұзушылықтар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасалғанда – сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлері;»;

14) 620-бапта:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) кәсіпкерлік қызмет, сауда және қаржы, салық салу, кеден ісі салаларында құқық бұзушылықтар жасалған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің ведомстволық бағыныстылығына сәйкес – мемлекеттік кіріс органдарының лауазымды адамдары;»;

9-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1) белгіленген басқару тәртібіне және мемлекеттік билік институттарына қол сұғатын құқық бұзушылықтар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасалған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің ведомстволық бағыныстылығына сәйкес – сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің лауазымды адамдары;»;

11) тармақша алып тасталсын;

15) 634-баптың 2-1-бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүргізілген тексерудің нәтижесі осы баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға негіз болып табылады.

Осы бөліктің күші «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3, 4-тармақтарында және 12-бабының 3-тармағында көзделген салаларда, сондай-ақ мемлекеттік статистика саласында бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде және салық органдары бақылаудың өзге де нысандарын жүзеге асырған кезде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларға қолданылмайды.»;

16) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:

отыз төртінші және отыз бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің (143-1, 151, 151-1, 206-2, 275-1, 355, 356, 357-3, 514, 514-3, 515, 516, 516-1, 517, 518, 519, 521, 522, 529, 533, 533-1, 534, 535, 537-1-баптар);

мемлекеттік кіріс органдарының (136-3, 140 (екінші бөлігі), 143, 143-1, 143-2, 144-1, 145, 146-1, 151-1, 154, 154-1, 155, 155-2, 156, 157, 158-4, 159 (үшінші және төртінші бөліктері), 162, 163 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші және он үшінші бөліктері), 179 (бірінші және екінші бөліктері) 179-1, 200, 203, 208-1, 209, 213 (төртінші, бесінші және алтыншы бөліктері), 214, 275-1, 306-2, 355, 356, 357-1, 357-2 (екінші бөлігі), 357-5 , 374 (бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктері), 400-1, 400-2, 405 (бірінші бөлігі), 409, 410, 413, 413-1, 413-2, 414, 415, 417, 417-1, 418, 421, 423, 424,

425-1, 426 – 430, 433, 514, 515, 516, 516-1, 517, 518, 519, 521, 522, 529-баптар, сондай-ақ 323 (екінші бөлігінде), 357-1, 461 (3-1-бөлігінде)-баптарда көзделген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша);»;

отыз алтыншы абзац алып тасталсын;

17) 639-баптың 1-2-бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1-2. Істерді мемлекеттік кіріс органдары қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде, егер тұлға (заңды тұлғаны басқару функцияларын жүзеге асыратын жеке тұлға, орган немесе тұлға) әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін мойындаған және жаза қолдануға келіскен, сондай-ақ осы Кодекстің 710-1-бабына сәйкес айыппұл төлеген жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалмайды.»;

18) 701-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Үкіметі «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының екінші бағытына қатысушы тұлғаға салық берешегін өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, мұндай тұлғаға әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарған мемлекеттік кіріс органы мұндай тұлғаның айыппұл түрінде 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Үкіметі шешім шығарған күн аралығында жиналып қалған салық берешегіне қатысты өз қаулысының орындалу мерзімін осындай шешімде көрсетілген мерзімге кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды.»;

19) 708-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттік кіріс органдары қарайтын әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша, сондай-ақ дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына және адвокаттарға қатысты салық салу саласындағы өзге де әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша айыппұл салу туралы қаулыны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік кіріс органдары орындайды.»;

20) 709-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік кіріс органдары қарайтын әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша, сондай-ақ салық салу саласындағы өзге де әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша айыппұл салу туралы қаулыны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік кіріс органдары орындайды.»;

21) 710-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органы жіберген (тапсырған) мемлекеттік кіріс органына келу туралы алынған хабарлама және (немесе) хабарлау негізінде құқық бұзушылықты жасау фактісін мойындаған және айыппұлды төлеумен келіскен адам хабарлама және (немесе) хабарлау алынған ( тапсырылған) күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде айыппұлды төлейді.»

.

6. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77, 79, 81-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

115-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жол қызметі, сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін, жол полициясы, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, кеден органдары, шекаралық, көліктік бақылау бекеттерін, ветеринариялық және фитосанитариялық бақылау бекеттерін қоспағанда, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары бойынан бөлінген белдеу шегінде ғимараттар мен құрылыстар салуға, сондай-ақ инженерлік коммуникациялар төсеуге тыйым салынады.».

7. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2 , 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы

өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 37-баптың 1-тармағының 5-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5-1) мемлекеттік кіріс органына ұсынғанға дейін жерүсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем бойынша салық есептілігін растайды;»;

2) 66-баптың 10-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) мемлекеттік кіріс органында есепке қойылғаны туралы куәліктің немесе дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесін ұсынады.».

8. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84 -құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат ; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат, № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

172-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«172-бап. Қоршаған ортаны ластау көздері бар табиғат пайдаланушылар туралы мәліметтер беру

Мемлекеттік кіріс органдарының талабы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жылына кемінде бір рет қоршаған ортаны ластау көздері бар табиғат пайдаланушылардың орналасқан жері бойынша мәліметтер беруге міндетті .».

9. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 123-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 15-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 78, 81-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар, № 11, 67-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «

Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

256-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінде, экономикалық тергеу қызметінде, мемлекеттік өртке қарсы қызметінде, прокуратура органдарында қызметте тұрған адамдар жатады.».

10. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат ; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 53-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жалпы сипаттағы мемлекеттік функциялар:

Қазақстан Республикасының Президентін және оның отбасын қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және күзету;

Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің жұмыс істеуі;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын сайлауларды қоспағанда, референдумдар мен сайлаулар өткізу;

республикалық деңгейде мемлекеттік жоспарлау;

мемлекеттік кіріс органдарының қызметі;

республикалық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру және жергілікті бюджеттердің

кассалық қызмет көрсетуі, бюджеттік есепке алуды жүргізу және бюджеттің атқарылуы бойынша есептілікті жасау;
республикалық меншікті басқару;
оңалту рәсімін, банкроттық рәсімін жүргізуді және банкроттық рәсімін қозғамастан борышкерді таратуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер бойынша сот шешімімен тарату рәсімдерін жүргізуді ұйымдастыру;
мемлекеттік сатып алудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыру;
мемлекеттік қаржылық бақылау және қаржы мониторингі;
мемлекеттің сыртқы саяси қызметі;
іргелі ғылыми зерттеулер жүргізу;
мемлекеттік статистика органдарының статистикалық қызметі;
мемлекеттік қызметтің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру;
ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау;
Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әртүрлі қызмет салалары мен аяларында мемлекеттік сыйлықтар беру және мемлекеттік наградалармен марапаттау;
саяси партиялардың қызметін қаржыландыру;»;
2) 94-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Бірыңғай бюджет сыныптамасының бюджетке түсетін түсімдер сыныптамасының кодтары бойынша түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен қайтаруды және (немесе) есепке жатқызуды мемлекеттік кіріс органдарының төлем тапсырмалары негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.
Мемлекеттік кіріс органдары әкімшілік ететін, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді, трансферттерді, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларын, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдерді, қарыздарды қоспағанда, бюджетке түсетін салықтық емес түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен қайтаруға және (немесе) есепке жатқызуға арналған төлем тапсырмасы оларды алуға жауапты уәкілетті органдардың қорытындысы негізінде жасалады.
Мемлекеттік кіріс органдары әкімшілік ететін, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді, трансферттерді, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларын, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдерді, қарыздарды қоспағанда, бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерді алуға жауапты уәкілетті орган артық (қате) төленген сомаларды бюджеттен қайтаруға және (немесе) есепке жатқызуға қорытынды жасайды және оны мемлекеттік кіріс органдарына ұсынады.
Осы қорытындылардың анықтығын және олардың ұсынылу негізділігін уәкілетті органдардың басшылары қамтамасыз етеді.»;
3) 98-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Инкассолық өкім соттардың заңды күшіне енген шешімдеріне, ұйғарымдарына, қаулыларына, бұйрықтарына сәйкес берілген, сондай-ақ пайда болған салық берешегін,

міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары немесе әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті, Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген жағдайларда пайда болған берешекті өтеуге байланысты атқару парағын немесе бұйрықты республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде тиісті қаржы жылына мемлекеттік тапсырманы орындау үшін немесе жарғылық капиталдарын ұлғайтуға (қалыптастыруға) қаражат көзделген мемлекеттік мекеменің, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісінің мәжбүрлі түрде орындауына негіз болып табылатын құжатты білдіреді. Инкассолық өкім республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде тиісті қаржы жылына мемлекеттік тапсырманы орындау үшін немесе жарғылық капиталдарын ұлғайтуға (қалыптастыруға) қаражат көзделген мемлекеттік мекеме және квазимемлекеттік сектор субъектісі төлемінің негізділігін растайтын құжат болып табылады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс органдарының инкассолық өкімдерін қоспағанда, инкассолық өкім сот шешімі (үкімі, ұйғарымы, қаулысы) бойынша берілген атқару парағы немесе бұйрық немесе ақша өндіріп алу туралы сот бұйрығы негізінде және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да негіздер бойынша жасалады.

2. Инкассолық өкім ұсынылатын, республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде тиісті қаржы жылына мемлекеттік тапсырманы орындау үшін немесе жарғылық капиталдарын ұлғайтуға (қалыптастыруға) қаражат көзделген мемлекеттік мекеменің және квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызмет көрсетілу орны бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне инкассолық өкім беріледі.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс органдарының инкассолық өкімдерін қоспағанда, инкассолық өкім оны жасауға негіз болып табылған атқару парағының немесе бұйрықтың түпнұсқасы не осы құжаттың әрбір беті соттың елтаңбалық мөрінің бедерімен куәландырылған көшірмесі қоса тіркеліп беріледі.

Инкассолық өкімде көрсетілген сома атқару парағында немесе бұйрықта көрсетілген сомаға сәйкес болуға тиіс.

Инкассолық өкімде республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде тиісті қаржы жылына мемлекеттік тапсырманы орындау үшін немесе жарғылық капиталдарын ұлғайтуға (қалыптастыруға) қаражат көзделген мемлекеттік мекеменің және квазимемлекеттік сектор субъектісінің кодтары көрсетіледі, олар бойынша осы өкімнің орындалуы талап етіледі.».

11. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат

; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 114, 115-құжаттар; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 63, 64, 65, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) бүкіл мәтін бойынша «салық қызметі органдарымен», «салық қызметі органдарынан», «салық қызметі органдарына», «салық қызметі органдарының», «салық қызметі органдары», «салық қызметі органына», «салық қызметі органы», салық қызметінің органы», «салық қызметінің органдары», «салық қызметінің органына», «салық қызметі органының», «салық қызметінің органдарына», «салық қызметі органдарында», «салық қызметі органындағы» деген сөздер тиісінше «салық органдарымен», «салық органдарынан», «салық органдарына», «салық органдарының», «салық органдары», «салық органына», «салық органы», «салық органының», «салық органдарында», «салық органындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мазмұнында:

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Салық органдары. Салық органдарының басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы»;

18-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Салық органдарының міндеттері мен жүйесі»;

22 және 688-баптардың тақырыптары алып тасталсын;

3) 12-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 28-1) тармақшамен толықтырылсын:

«28-1) мемлекеттік кіріс органы – өз құзыреті шегінде салықтардың, кедендік төлемдердің және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасындағы кеден ісін іске асыруды, Қазақстан

Республикасының заңдарымен осы органның қарауына жатқызылған қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайтын мемлекеттік орган;»;

4) 3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

**«3-тарау. Салық органдары. Салық органдарының басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы»;**

5) 18-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

**«18-бап. Салық органдарының міндеттері мен жүйесі»;**

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының салық органдары өз құзыреті шегінде салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайтын мемлекеттік кіріс органдары (бұдан әрі – салық органдары) болып табылады.

Салық органдарының жүйесі уәкілетті органнан және уәкілетті органның облыстар, Астана және Алматы қалалары, аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша аумақтық бөлімшелерінен, сондай-ақ ауданаралық аумақтық бөлімшелерінен тұрады. Арнайы экономикалық аймақтар құрылған жағдайда, осы аймақтардың аумағында уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері құрылуы мүмкін.

Салық органдарының уәкілетті орган бекіткен кодтары бар.»;

3-тармақ алып тасталсын;

6) 22 және 688-баптар алып тасталсын.

12. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 83-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 65-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 60-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әскери-дәрігерлік сараптама денсаулық жағдайы бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарындағы әскери қызметке немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтегі, ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі, өртке қарсы қызмет органдарындағы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтегі, прокуратура органдарындағы, мемлекеттік кіріс органдарының экономикалық тергеу қызметіндегі қызметке (бұдан әрі – әскери қызмет немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы, құқық қорғау органдарындағы қызмет) жарамдылықты анықтау үшін, сондай-ақ азаматтардың әскери қызметті немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы қызметті және әскери жиындарды өткерумен (міндеттерді орындаумен) байланысты ауруының, мертігуінің (жаралануының, жарақаттануының, контузия алуының) (бұдан әрі – мертігу ) және қайтыс болуының себепті байланыстарын айқындау үшін жүргізіледі.»;

2) 62-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманы санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдары санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің, мемлекеттік кіріс органдарының лауазымды адамдарының қаулылары немесе нұсқамалары және жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өз құзыреттері шегінде жүргізеді.»;

3) 80-3-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Кодекстің 80-бабының 3 және 4-тармақтарында, 80-2-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасымен тұспа-тұс келетін Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарына мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі көрсетіліп, әкелінетін дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың әрқайсысының мемлекеттік тіркелуі туралы уәкілетті орган растаған мәліметтер ұсынылуға тиіс.»;

4) 149-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде санитариялық-карантиндік қадағалауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары жүргізеді.».

13. 2010 жылғы 30 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 14, 70-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; №

21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 13-құжат; № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

15-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«15-бап. Кеден ісі саласындағы құқық қорғау қызметі»;

19-баптың және 8-бөлімнің тақырыптары алып тасталсын;

2) 4-баптың 1-тармағында:

33) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 34-1) тармақшамен толықтырылсын:

«34-1) мемлекеттік кіріс органы – өз құзыреті шегінде салықтардың, кедендік төлемдер мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасындағы кеден ісін іске асыруды, Қазақстан Республикасының заңдарымен осы органның қарауына жатқызылған қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайтын мемлекеттік орган;»;

3) 6-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының кеден органдары (бұдан әрі – кеден органдары) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасындағы кеден ісін іске асыруды жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайтын мемлекеттік кіріс органдары болып табылады.»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Кедендердің, кеден бекеттерінің және Кеден одағының кедендік шекарасындағы бақылау-өткізу пункттерінің лауазымды адамдары нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етіледі.

Нысанды киімнің (погонсыз) үлгілерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Нысанды киімді (погонсыз) киюге құқығы бар кеден органдарының лауазымды

адамдарының тізбесін, онымен қамтамасыз етудің заттай нормаларын және айырым белгілерін, сондай-ақ оны киіп жүру тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган бекітеді.»;

4) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

## «15-бап. Кеден ісі саласындағы құқық қорғау қызметі

1. Кеден ісі саласындағы қылмыстық әрекеттерді тергеп-тексеруді мемлекеттік кіріс органдарының экономикалық тергеу қызметі жүзеге асырады.

2. Кеден органдары Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізеді және адамдарды әкімшілік жауаптылыққа тартады.»;

5) 19-бап және 8-бөлім алып тасталсын.

14. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 22, 174-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 13-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 6, 28-құжат; № 14, 84-құжат; 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

267-бап мынадай редакцияда жазылсын:

## «267-бап. Азаматтың аты, әкесінің аты, тегі ауыстырылғаны туралы хабарланатын мемлекеттік органдар тізбесі

Азаматтың аты, әкесінің аты, тегі ауыстырылған жағдайда, бұл туралы хабарлама бір апта мерзімде азаматтың тұрақты тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, прокуратура органдарына, жергілікті әскери басқару органдарына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке, мемлекеттік кіріс органына, сондай-ақ тууды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органға жіберіледі.».

15. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 13-I, 13-II, 83-құжат):

1) 3-баптың 23) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«23) қылмыстық қоғамдастық – бір немесе бірнеше қылмыстық құқық

бұзушылықтарды бірлесіп жасау, сол сияқты осы қылмыстық ұйымдардың кез келгенінің бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтарды өз бетінше жасауына жағдайлар жасау үшін сөз байласқан екі немесе одан да көп қылмыстық ұйымның бірігуі;»;

2) 99-баптың екінші бөлігінің 7) және 15) тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«7) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;»;

«15) қылмыстық топ жасаған, сол сияқты төтенше жағдай кезінде немесе жаппай тәртіпсіздік барысында жасалған адам өлтіру – »;

3) 247-бап мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

«Ескерту. Егер сыйлықтың құны бес айлық есептік көрсеткіштен аспаса, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамның өзінің міндетіне кіретін жұмыстарды бұрын орындағаны немесе қызметтер көрсеткені үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде сыйлық ретінде материалдық сыйақы, жеңілдік немесе мүліктік сипаттағы қызметті алуы маңызы аз болуына байланысты қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды және ол тәртіптік ретпен қудаланады.»;

4) 437-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«437-бап. Бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау**

1. Қызмет мүдделеріне елеулі зиян келтірген бағынбау, яғни бастықтың бұйрығын орындаудан бас тарту, сол сияқты бастықтың белгіленген тәртіппен берілген бұйрығын бағыныштының өзгедей қасақана орындамауы –

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алпыс тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған, сол сияқты ауыр зардаптарға әкеп соққан нақ сол іс-әрекеттер –

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған, ұрыс жағдайында немесе төтенше жағдай кезінде жасалған іс-әрекеттер –

бес жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге, ал ауырлататын мән-жайлар болған кезде – он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, соғыс уақытында жасалған іс-әрекеттер –

он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға не өлім жазасымен жазаланады.

5. Ауыр зардаптарға әкеп соққан, қызметке ұқыпсыз қарау не адал қарамау салдарынан бұйрықты орындамау –

бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол

мөлшерде түзеу жұмыстарына, не тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, соғыс уақытында, ұрыс жағдайында немесе төтенше жағдай кезінде жасалған іс-әрекет –

үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

5) 441-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«441-бап. Бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету**

1. Бейбіт уақытта жасалған, бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету, сол сияқты қызметке дәлелсіз себептермен мерзімінде келмеу, егер өз бетімен болмау бір айдан ұзаққа созылса, –

екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Қызмет бабымен сеніп тапсырылған қарумен жасалған не адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған, бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету, егер өз бетімен болмау бір тәуліктен ұзаққа созылса, –

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Ұрыс жағдайында немесе төтенше жағдай кезінде жасалған, бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету, егер өз бетімен болмау бір тәуліктен ұзаққа созылса, –

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Ұзақтығына қарамастан, соғыс уақытында бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету –

он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекетті жасаған әскери қызметші, егер бұл іс-әрекет ауыр және өзге де мән-жайлардың тоғысу салдарынан болса, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.».

16. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 15-I, 15-II, 88-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнындағы «507-бап. Сот шешімдерінің күші жойылғаннан кейін іс жүргізу» деген сөздер «507-бап. Сот қаулыларын қайта қарау және сот шешімдерінің күші жойылғаннан кейін іс жүргізу» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-баптың 31-тармағындағы «өтінішхаттын» деген сөз «өтінішхатын» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 7-баптың 53) тармағы алып тасталсын;

4) 16-баптың екінші бөлігіндегі «жүрізуді» деген сөз «жүргізуді» деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 35-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қылмыстық істі осы баптың бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 11) тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша тоқтату туралы шешім қабылдау үшін жәбірленушінің немесе оның өкілінің келісімі талап етілмейді.»;

6) 36-бапта:

бірінші бөліктегі «69-бабының бірінші бөлігінде,» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«6. Егер сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін соттың депозитіне Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 69-бабында көзделген кепіл енгізілген жағдайда, сот кепілгерлікті белгілей отырып, адамды қылмыстық жауаптылықтан босатып, айыптау үкімін шығаруға құқылы.

Сот іс бойынша басқа түпкілікті шешім қабылдаған жағдайда, кепіл енгізген адамға кепіл нысанасы дереу қайтарылады. Кепіл нысанасы қайтарылған кезде, оның сақталуын қамтамасыз етуге кеткен сома кепіл берушіден өндіріп алынбайды. Кепілді қабылдау, сақтау, қайтару және мемлекет кірісіне айналдыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Егер айыпталушы немесе жәбірленуші қарсы болса, кепілгерлікті белгілей отырып, адамды қылмыстық жауаптылықтан босатуға жол берілмейді.»;

7) 40-бапта:

үшінші, төртінші және бесінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Кодекстің 38-бабының екінші және үшінші бөліктерінде аталған адамдар осы Кодекстің 39-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттардың көшірмелерін зиянды өтеу тәртібі туралы хабарламамен бірге алған кезде қылмыстық істі тоқтату туралы үкім шығарған, қаулы шығарған сотқа, не адамның тұрғылықты жері бойынша сотқа не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулы шығарған органның орналасқан жері бойынша сотқа мүліктік зиянды өтеттіру туралы не өзге де заңсыз шешімдердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы талаппен жүгінуге құқылы. Егер жоғары тұрған сот қылмыстық істі тоқтатса немесе үкімді өзгертсе, зиянды өтеу туралы талап үкім шығарған сотқа жіберіледі. Кәмелетке толмаған адамның атынан зиянды өтеу туралы талапты оның заңды өкілі мәлімдеуге құқылы.

4. Судья арыз түскен күннен бастап бір айдан кешіктірмей қажет болған жағдайларда қаржы органдарынан және әлеуметтік қорғау органдарынан есеп-қисап сұрата отырып, зиянның мөлшерін айқындайды, содан кейін инфляцияны ескере отырып, осы зиянды өтеу үшін төлем жүргізу туралы қаулы шығарады. Егер сот істі

апелляциялық, кассациялық тәртіппен немесе қадағалау тәртібімен қарау кезінде тоқтатса, істі бірінші сатыда қараған соттың судьясы көрсетілген әрекеттерді сот талқылауын өткізбестен жеке-дара жүргізеді.

Қаулыда: мүліктік зиянды өтеу негіздері, оның ақшалай мәндегі есеп-қисабы мен мөлшері; ақталған адамға қайтарылуға жататын мүлік; төлем жүргізуге немесе мүлікті қайтаруға міндетті орган; төлемдер жүргізу үшін қаулыны ұсынудың мерзімдері; қаулыға шағым жасаудың тәртібі мен мерзімдері көрсетілуге тиіс.

Соттың қаулысына осы Кодексте көзделген тәртіппен жоғары тұрған сотқа шағым жасалуы мүмкін.

5. Мүліктік зиянды өтеу үшін төлем жүргізу туралы соттың заңды күшіне енген қаулысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес орындалады.»;

алтыншы бөлік алып тасталсын;

8) 52-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кассациялық сатыда істерді қарауды облыстық немесе оған теңестірілген сот төрағасының төрағалық етуімен кемінде үш судья бар құрам алқалы түрде жүзеге асырады.

Облыстық немесе оған теңестірілген соттың төрағасы іссапарда, демалыста болуына немесе сырқаттануына байланысты болмаған кезде істі кассациялық сатыда қарау кезінде өзіне сот төрағасы аталған міндеттерді атқаруды жүктеген кассациялық алқа судьясы төрағалық етеді.

Облыстық сот төрағасына мәлімделген қарсылық білдіру қанағаттандырылған кезде, оның тапсырмасы бойынша сот отырысына кассациялық алқа судьяларының бірі төрағалық етеді.»;

9) 56-баптың екінші бөлігінің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Кодекстің 55-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7) және 8) тармақтарында, екінші бөлігінің 2) және 3) тармақтарында көрсетілген мәселелерді қарау кезінде сот отырысын өткізу міндетті. Сот отырысын өткізу міндетті болған жағдайда, қорғаушы тарап пен прокурорға сот отырысының уақыты мен орны туралы күні бұрын хабарланады.»;

10) 60-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тергеуші – қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді өз құзыреті шегінде жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адам: ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің тергеушісі және экономикалық тергеу қызметінің тергеушісі, сондай-ақ осы Кодексте көзделген жағдайларда – прокурор.»;

11) 61-баптың екінші бөлігінде:

3) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет;»;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақпен толықтырылсын:

«3-1) экономикалық тергеу қызметі;»;
4) және 10) тармақтар алып тасталсын;
12) 131-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Егер ұстап алынған адам қазақ және (немесе) орыс тілдерін білмесе не ұстап алу кезінде алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан масаң күйде не психосоматикалық ауру жағдайында өзіне түсіндірілген құқықтарын барабар қабылдай алмаса, онда күдіктінің құқықтарын түсіндіру одан күдікті ретінде жауап алу басталғанға дейін тиісінше аудармашының (қажет болған кезде) және (немесе) қорғаушының қатысуымен жүзеге асырылады, бұл туралы жауап алу хаттамасында белгі жасалады.»;
13) 145-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Кепіл сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, прокурордың немесе соттың шақыруы бойынша оларға күдіктінің, айыпталушының келуі жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз ету үшін сот депозитіне күдіктінің, айыпталушының өзінің не басқа адамның ақша енгізуінен тұрады. Тыйым салынатын басқа да құндылықтар, жылжитын және жылжымайтын мүлік кепіл ретінде қабылдануы мүмкін. Кепілдің құндылығын және ауыртпалықтың жоқ екендігін дәлелдеу кепілгерге жүктеледі. Аса ауыр қылмыстар жасады деп күдік келтірілген адамдарға қатысты, сондай-ақ осы Кодекстің 148-бабының тоғызыншы бөлігінде көзделген жағдайларда кепіл қолданылмайды.»;
14) 147-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның күзетпен ұстауға санкция беру туралы өтінішхатты қозғау туралы прокурормен келісілген қаулысы, сондай-ақ оның негізділігін растайтын материалдар ұстап алу мерзімі аяқталардан бұрын он екі сағаттан кешіктірілмей тергеу судьясына ұсынылуға тиіс, бұл туралы мүдделі тұлғалар хабардар етіледі.»;
15) 187-бапта:
бірінші бөліктегі «437 (төртінші бөлігінде)» деген сөздер «437 (үшінші бөлігінде)» деген сөздермен, «441 (төртінші бөлігінде)» деген сөздер «441 (үшінші бөлігінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107 (екінші бөлігінде), 110 (екінші бөлігінде), 116, 118 (үшінші бөлігінде), 120, 121 , 122, 124, 125, 126 (екінші және үшінші бөліктерінде), 127, 128 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 129, 132, 133, 134, 135, 141, 143 (екінші және үшінші бөліктерінде), 148, 150 (екінші бөлігінде), 151, 155 (екінші бөлігінде), 156 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 157, 188 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 191 ( екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 192, 193, 194 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 200 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 201 (екінші бөлігінде), 202 (екінші және үшінші бөліктерінде), 203, 205 (үшінші бөлігінде), 206 (

екінші және үшінші бөліктерінде), 207 (екінші және үшінші бөліктерінде), 208 (екінші және үшінші бөліктерінде), 209 (екінші және үшінші бөліктерінде), 210 (екінші және үшінші бөліктерінде), 211 (екінші және үшінші бөліктерінде), 212 (екінші бөлігінде), 213 (екінші және үшінші бөліктерінде), 251, 252 (екінші бөлігінде), 254, 261, 268, 271, 272, 273, 274 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 277, 278, 279, 280, 281, 282, 287 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 288 (екінші және үшінші бөліктерінде), 291, 293 (екінші және үшінші бөліктерінде), 295 (үшінші бөлігінде), 296 (төртінші бөлігінде ), 297, 298, 299 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 300 (екінші бөлігінде), 301 , 302, 303 (екінші бөлігінде), 304, 305, 306 (екінші және үшінші бөліктерінде), 308 ( екінші және үшінші бөліктерінде), 309 (екінші және үшінші бөліктерінде), 310 (екінші бөлігінде), 312, 314 (екінші бөлігінде), 315 (екінші бөлігінде), 317 (екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 318, 319 (бесінші бөлігінде), 320 (екінші бөлігінде ), 322 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 323, 324, 325 (екінші және үшінші бөліктерінде), 326 (екінші және үшінші бөліктерінде), 327, 328 (екінші және үшінші бөліктерінде), 329, 330, 331 (бірінші бөлігінде), 332, 333, 334 (екінші және үшінші бөліктерінде), 335 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 337 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 338, 340 (төртінші бөлігінде), 341 (екінші бөлігінде), 343 (екінші және үшінші бөліктерінде), 344, 346 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 348 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 349 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 350 (екінші және үшінші бөліктерінде), 351 (екінші және үшінші бөліктерінде), 352, 353 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 354 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 355, 356 (екінші бөлігінде), 358 (үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 359 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 376 (екінші және үшінші бөліктерінде), 377, 380, 382 (екінші бөлігінде), 386 (екінші бөлігінде), 388, 389 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 394 ( екінші және үшінші бөліктерінде), 399 (үшінші бөлігінде), 401, 402 (екінші бөлігінде), 404 (бірінші бөлігінде), 407 (үшінші бөлігінде), 408, 409, 411, 426 (екінші бөлігінде), 428 (екінші және үшінші бөліктерінде), 429, 437 (үшінші бөлігінде), 438 (екінші және үшінші бөліктерінде), 439 (екінші және үшінші бөліктерінде), 440 (төртінші бөлігінде), 441 (үшінші бөлігінде), 442 (екінші және үшінші бөліктерінде), 443 (екінші бөлігінде), 446 (екінші бөлігінде), 449 (үшінші бөлігінде), 453 (екінші бөлігінде), 454 (бірінші бөлігінде), 459 (үшінші бөлігінде), 462 (екінші және үшінші бөліктерінде), 463 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 464, 465, 466 (төртінші және бесінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді ішкі істер органдарының тергеушілері жүргізеді.

3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 215 (екінші бөлігінің 3) тармағында ), 216 (екінші бөлігінің 4) тармағында), 217 (үшінші бөлігінің 3) тармағында), 218 ( үшінші бөлігінің 1) тармағында), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 249 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 307 (үшінші бөлігінің 3) тармағында), 361, 362 (төртінші

бөлігінің 3) тармағында), 364 – 370-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тергеушілері жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 189 ( екінші бөлігінде, үшінші бөлігінің 1) тармағында, төртінші бөлігінде), 190 (екінші бөлігінде, үшінші бөлігінің 1) тармағында, төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша, егер оларды тергеп-тексеру сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тергеушілерінің тергеулігіндегі қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексерумен тікелей байланысты болса, алдын ала тергеуді сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тергеушілері жүргізуі мүмкін.»;

мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

«3-1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 214 (екінші бөлігінде), 215 ( бірінші бөлігінде, екінші бөлігінің 1), 2) және 4) тармақтарында, үшінші бөлігінде), 216 (бірінші бөлігінде, екінші бөлігінің 1), 2), 3) және 5) тармақтарында, үшінші бөлігінде), 219-221, 223-224, 226 (екінші бөлігінде), 228 (екінші және үшінші бөліктерінде), 229 ( екінші және үшінші бөліктерінде), 230 (екінші және үшінші бөліктерінде), 231, 234 ( екінші бөлігінде, үшінші бөлігінің 2) тармағында) 235, 236 (екінші және үшінші бөліктерінде), 237, 238, 239 (екінші бөлігінде), 240, 243 (бірінші бөлігінде), 244 (екінші бөлігінде), 245 (екінші және үшінші бөліктерінде), 248 (екінші және үшінші бөліктерінде), 249 (бірінші және екінші бөліктерінде, үшінші бөлігінің 1) тармағында), 253, 307 (бірінші және екінші бөліктерінде, үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында) -баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді экономикалық тергеу қызметінің тергеушілері жүргізеді.»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 149 (екінші және үшінші бөліктерінде), 362 (бірінші, екінші, үшінші бөліктерінде және төртінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында), 371, 413, 414 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 415, 416 (екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 418-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер органдары немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 146, 412, 433-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді осы органның қызметкері болып табылмайтын адамға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер органдары немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізеді.»;

мынадай мазмұндағы 4-1, 4-2 және 4-3-бөліктермен толықтырылсын:

«4-1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147 (үшінші бөлігінде), 195 ( үшінші және төртінші бөліктерінде), 196 (үшінші, төртінші бөліктерінде), 197 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 198 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 199 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 217 (екінші бөлігінде, үшінші бөлігінің 1) тармағында),

232, 250-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер органдары немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 189 (екінші бөлігінде, үшінші бөлігінің 1) тармағында, төртінші бөлігінде), 190 (екінші бөлігінде, үшінші бөлігінің 1) және 3) тармақтарында, төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді ішкі істер органдары, ал мемлекетке залал келтірілген жағдайда – экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.

4-2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 416 (бірінші және алтыншы бөліктерінде), 417, 419 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 420, 421, 422, 423, 424, 425, 432, 434, 435-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.

4-3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 450, 451, 452-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізеді.»;

бесінші бөліктегі «437 (бесінші және жетінші бөліктерінде)» деген сөздер «437 ( төртінші және алтыншы бөліктерінде)» деген сөздермен, «441 (бесінші бөлігінде)» деген сөздер «441 (төртінші бөлігінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы және жетінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 218 (бірінші және екінші бөліктерінде, үшінші бөлігінің 2) және 3) тармақтарында), 262, 263, 264, 265, 266-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.

7. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 258-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ұлттық қауіпсіздік органдары немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.»;

16) 191-бапта:

екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 107 (бірінші бөлігінде), 112, 113, 114 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 117 (екінші бөлігінде), 118 (екінші бөлігінде), 119 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 126 (бірінші бөлігінде), 128 (бірінші бөлігінде), 136, 137 (екінші бөлігінде), 139, 142, 143 (бірінші бөлігінде), 153, 158 (екінші бөлігінде), 188 (бірінші бөлігінде), 191 (бірінші бөлігінде), 194 (бірінші

бөлігінде), 200 (бірінші бөлігінде), 201 (бірінші бөлігінде), 202 (бірінші бөлігінде), 204 (екінші бөлігінде), 207 (бірінші бөлігінде), 209 (бірінші бөлігінде), 210 (бірінші бөлігінде), 212 (бірінші бөлігінде), 247 (үшінші бөлігінде), 252 (бірінші бөлігінде), 274 (бірінші бөлігінде), 287 (екінші және үшінші бөліктерінде), 288 (бірінші бөлігінде), 290 (бірінші бөлігінде), 292, 293 (бірінші бөлігінде), 295 (бірінші және екінші бөліктерінде), 299 (бірінші бөлігінде), 300 (бірінші бөлігінде), 308 (бірінші бөлігінде), 309 (бірінші бөлігінде), 310 (бірінші бөлігінде), 311, 313, 314 (бірінші бөлігінде), 315 (бірінші бөлігінде), 319 (бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 321 (екінші бөлігінде), 322 (бесінші бөлігінде), 337 (үшінші бөлігінде), 339, 341 (бірінші бөлігінде), 342 (екінші бөлігінде), 345 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 346 (екінші және үшінші бөліктерінде), 347, 348 (екінші бөлігінде), 349 (екінші бөлігінде), 350 (бірінші бөлігінде), 357 (бірінші бөлігінде), 358 (екінші бөлігінде), 359 (екінші бөлігінде), 372, 379 (екінші бөлігінде), 386 (бірінші бөлігінде), 387, 390 (екінші және үшінші бөліктерінде), 394 (бірінші бөлігінде), 398 (үшінші бөлігінде), 399 (бірінші және екінші бөліктерінде), 402 (бірінші бөлігінде), 407 (бірінші бөлігінде), 426 (бірінші бөлігінде), 427, 428 (бірінші бөлігінде), 430, 431-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды ішкі істер органдары жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188 (бірінші бөлігінде), 252 (бірінші бөлігінде), 290 (бірінші бөлігінде), 345 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 348 (екінші бөлігінде), 350 (бірінші бөлігінде), 398 (үшінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша, егер олар күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тізбесі заңда белгіленген күзетілетін адамдарға тікелей қарсы бағытталған болса, анықтауды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі жүргізе алады.

3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 214 (бірінші бөлігінде), 233, 245 (бірінші бөлігінде), 248 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.»;

төртінші бөліктегі «437 (үшінші бөлігінде)» деген сөздер «437 (екінші бөлігінде)» деген сөздермен, «441 (екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздер «441 (бірінші және екінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөлік алып тасталсын;

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 189 (бірінші бөлігінде), 190 (бірінші бөлігінде), 217 (бірінші бөлігінде), 286 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер органдары немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.»;

тоғызыншы бөлік алып тасталсын;

он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 385 (бірінші және екінші бөліктерінде)-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі немесе егер олар күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тікелей тізбесі заңда белгіленген күзетілетін адамдарға қарсы бағытталған болса, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі жүргізеді.»;

он екінші бөлік алып тасталсын;

он алтыншы, он жетінші және он тоғызыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 111, 115, 117 (бірінші бөлігінде), 118 (бірінші бөлігінде), 119 (бірінші бөлігінде), 137 (бірінші бөлігінде), 138, 140, 144, 145, 152 (бірінші бөлігінде, егер бұл соттың жұмысқа қайта орналастыру туралы шешімін орындамаумен байланысты болса), 154, 155 (бірінші бөлігінде), 156 ( бірінші және екінші бөліктерінде), 158 (бірінші бөлігінде), 159, 183, 187, 204 (бірінші бөлігінде), 205 (бірінші және екінші бөліктерінде), 206 (бірінші бөлігінде), 208 (бірінші бөлігінде), 211 (бірінші бөлігінде), 213 (бірінші бөлігінде), 247 (бірінші және екінші бөліктерінде), 276 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 294, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 303 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 316, 317 (бірінші бөлігінде), 320 (бірінші бөлігінде), 322 (бірінші бөлігінде), 325 (бірінші бөлігінде), 326 (бірінші бөлігінде), 328 (бірінші бөлігінде), 331 (екінші бөлігінде), 334 ( бірінші бөлігінде), 335 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336, 340 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 342 (бірінші бөлігінде), 343 (бірінші бөлігінде), 346 ( бірінші бөлігінде), 349 (бірінші бөлігінде), 351 (бірінші бөлігінде), 354 (бірінші бөлігінде), 356 (бірінші бөлігінде), 357 (екінші бөлігінде), 358 (бірінші бөлігінде), 359 ( бірінші бөлігінде), 376 (бірінші бөлігінде), 381, 383, 384, 389 (бірінші және екінші бөліктерінде), 391, 393, 395, 397, 398 (бірінші және екінші бөліктерінде), 400, 403, 406, 407 (екінші бөлігінде), 410, 436-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ішкі істер органдары жүргізеді.

17. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 222, 225, 226 (бірінші бөлігінде ), 227, 228 (бірінші бөлігінде), 229 (бірінші бөлігінде), 230 (бірінші бөлігінде), 234 ( бірінші бөлігінде), 236 (бірінші бөлігінде), 239 (бірінші бөлігінде), 241, 242, 243 (екінші бөлігінде), 244 (бірінші бөлігінде), 246-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.»;

«19. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 195 (бірінші және екінші бөліктерінде), 196 (бірінші және екінші бөліктерінде), 197 (бірінші және екінші бөліктерінде), 198 (екінші бөлігінде), 199 (екінші бөлігінде)-баптарында көзделген

қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ішкі істер органдары не экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.»;

мынадай мазмұндағы 19-1 және 19-2-бөліктермен толықтырылсын:

«19-1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 363, 414 (төртінші бөлігінде) -баптарында көзделген қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ішкі істер органдары не сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізеді.

19-2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 419-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.»;

жиырмасыншы бөліктегі «437 (бірінші, екінші және алтыншы бөліктерінде)» деген сөздер «437 (бірінші және бесінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын, «441 (бірінші бөлігінде)» деген сөздер алып тасталсын;

жиырма екінші бөлік алып тасталсын;

жиырма төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 385 (үшінші бөлігінде)-бабында көзделген қылмыстық теріс қылық туралы іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі не егер ол күзету іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тізбесі заңда белгіленген күзетілетін адамдарға тікелей қарсы бағытталған болса, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі жүргізеді.»
;

17) 193-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

2. Прокурорлардың сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы өкілеттіктерінің аражігін ажыратуды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайды.

Прокуратура органы басшысының айрықша өкілеттіктеріне:

1) ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу;

2) тергеушінің, анықтаушының, анықтау органының заңсыз қаулыларының, сондай-ақ тергеу бөлімі мен анықтау органы бастықтарының, төмен тұрған ( бағынышты) прокурордың қаулылары мен нұсқауларының күшін жою;

3) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан не органнан қылмыстық істі алып қою және оны сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу үшін басқа адамға не органға беру;

4) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары бар адамдарды қол сұғылмаушылығынан айыруға және қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім алу үшін ұсыну енгізу;

5) қылмыстық істерді тергеп-тексеру мерзімдерін ұзарту;

6) тергеушінің, анықтаушының, анықтау органының, тергеу бөлімі және анықтау органы бастықтарының, сондай-ақ төмен тұрған прокурордың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарау;

7) заңдылық бұзылған кезде тергеушіні, анықтаушыны қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуден шеттету;

8) процесс прокурорының қылмыстық істі қосымша тергеп-тексеру жүргізу үшін қайтару туралы қаулысын бекіту жатады.

Прокуратура басшысының осы бөліктің 2), 3), 6), 7) және 8) тармақтарында санамаланған өкілеттіктерін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысының заңдылығын қадағалауды қамтамасыз ететін департаменттерінің (басқармаларының), облыстық прокуратуралардың және оларға теңестірілген прокуратуралардың бастықтары жүзеге асыруы мүмкін.»;

үшінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Прокуратура басшысы нақты қылмыстық іс бойынша осы бапқа сәйкес қадағалауды жүзеге асыратын прокурорды (процесс прокуроры) айқындауға құқылы.»;

18) 197-баптың алтыншы бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Осы Кодекстің 255-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, 220-бабының он үшінші және он төртінші бөліктерінде, 252-бабында, 254-бабының төртінші бөлігінде, 255-бабында көзделген тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде куәгерлерді тарту міндетті болады.»;

19) 217-бапта:

үшінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тергеу судьясының жәбірленуші мен куәдан жауап алуы прокурордың, күдіктінің (ол болған жағдайда), қорғаушы ретінде қатысатын оның адвокатының, ал қажет болған жағдайларда процеске басқа да қатысушылардың қатысуымен жүргізіледі. Егер күдіктінің жауап алуға қатысуы жәбірленушінің, куәнің қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, күдікті жауап алуға шақырылмайды. Айғақтарды сақтауға қою кезінде адамдардың сот отырысына қатысу үшін келуін қамтамасыз ету тергеу судьясына өтініш мәлімдеген адамдарға жүктеледі. Күдіктінің қорғаушысы адамды шақыру үшін тергеу судьясына адамның жауап алуға келуін қамтамасыз етуге көмек көрсету туралы өтініш мәлімдеуі мүмкін.»;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жауап алынатын адамның тергеу судьясы сақтауға қойған айғақтары тіркелген сот отырысының хаттамасына судья мен сот отырысының хатшысы қолдарын қояды. Айғақтарды сақтауға қою кезінде болған процеске қатысушылар сот отырысы хаттамасының көшірмесін алуға және оған қол қойылғаннан кейін бес тәулік ішінде өздерінің ескертпелерін келтіруге құқылы. Тергеу судьясы хаттамаға ескертпелерді түскен күні қарап, олардың қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы қаулы шығарады. Содан кейін сот отырысының хаттамасы, егер хаттамаға ескертпелер

келтірілген болса, осы ескертпелер және судьяның оларды қарау туралы қаулысы қылмыстық іс материалдарына қосып тігу үшін прокурорға жіберіледі.»;

20) 234-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы «Каулы» деген сөз «Қаулы» деген сөзбен ауыстырылсын;»;

21) 248-баптың бірінші бөлігіндегі «аудио- және» деген сөздер алып тасталсын;

22) 283-баптың екінші бөлігіндегі «куәгерлердің қойған қолдарымен расталғаны;» деген сөздер «куәгерлердің қатысуы кезінде олардың қойған қолдарымен расталғаны;» деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 292-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулыны санкциялау осы Кодекстің 56-бабының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

24) 390-бапта:

бірінші бөліктің 18) тармақшасындағы «сақтау туралы шешеді.» деген сөздер « сақтау туралы;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын:

«19) алдыңғы үкім бойынша кепілгерлікті белгілей отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатудың күшін жою туралы шешеді.»;

бесінші бөліктің 3) тармақшасындағы «қажеттігі туралы қосымша мәселелерді шешуге көшеді.» деген сөздер «қажеттігі туралы;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) алдыңғы үкім бойынша кепілгерлікті белгілей отырып қылмыстық жауаптылықтан босатудың күші жойылған жағдайда кепіл нысанасының тағдыры туралы қосымша мәселелерді шешуге көшеді.»;

25) 398-баптың бірінші бөлігінің 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«4) жасалғанына сотталушы кінәлі деп танылған әрбір қылмыстық құқық бұзушылық үшін оған тағайындалған негізгі және қосымша жазаның түрі мен мөлшері, сондай-ақ алдыңғы үкім бойынша шартты түрде сотталудың күшін жою немесе оны сақтау, алдыңғы үкім бойынша кепілгерлікті белгілей отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатудың күшін жою туралы шешім және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 58 және 60-баптарының негізінде өтелуге жататын түпкілікті жазалау шарасы көрсетілуге тиіс.

Сот бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындаған кезде үкімде сотталған адам жазасын өтеуге тиіс мекеменің түрі мен режимін көрсетеді, ал сотталған адамды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар тағайындалған кезде, үкім заңды күшіне енгеннен кейін оның он тәулік ішінде пробация қызметіне есепке қою үшін келуі міндетін белгілейді;

5) шартты түрде соттаған кезде, бас бостандығын шектеуге пробациялық бақылау мерзімінің ұзақтығы және сотталған адамға жүктелетін міндеттер, сондай-ақ оларды

орындамаудың заңда көзделген салдарлары, кепілгерлік белгілене отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылған кезде кепілгерлік мерзімінің ұзақтығы және осы кезеңде жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың салдарлары;»;

26) 402-бап мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«6. Егер сотталушы кепілгерлік белгіленуге байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса, сот сотталушыға, сондай-ақ кепілгер болған адамға сотталушының кепілгерлік кезеңінде жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасауының салдарларын түсіндіреді.»;

27) 442-баптың бірінші бөлігінің 7) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) алдыңғы үкім бойынша шартты түрде соттаудың күшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 64-бабының бесінші бөлігіне сәйкес жоюға не Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 69-бабының бесінші бөлігіне сәйкес алдыңғы үкім бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатудың күшін жоюға және осыған байланысты, егер бірінші сатыдағы сот мұны жасамаған болса, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 60-бабының қағидалары бойынша жаза тағайындауға;»;

28) 447-бапта:

екінші абзацтағы «жаңа қатарын» деген сөздер «жаңа алқасын» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте сот сотталған адамның жағдайын осы Кодекстің 67, 68-тарауларының және 658-бабының талаптарын төрағалық етушінің бұзуына байланысты күші жойылған алдыңғы айыптау үкімімен салыстырғанда нашарлатуға құқылы емес.»;

29) 504-баптың бірінші бөлігінің орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

30) 507-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

**«507-бап. Сот қаулысын қайта қарау және сот шешімдерінің күші жойылғаннан кейін іс жүргізу»;**

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«3. Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс бойынша ол жөніндегі сот шешімдерінің күші жойылғаннан кейін тергеп-тексеру және сот талқылауы осы Кодексте белгіленген жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Алқабилердің қатысуымен шығарылған заңды күшіне енген сот актісін алдын ала тыңдау сатысынан жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі жаңадан қарауға жолдай отырып, қайта қарау туралы өтінішхат қанағаттандырылған жағдайда, сот істі жаңадан қараған кезде істі алдын ала тыңдауды жүргізеді және сотталушының ерік білдіруіне қарай істі алқабилердің қатысуымен не олардың қатысуынсыз жаңадан қарау туралы шешім қабылдайды. Егер сот актісі басты сот талқылауын жүргізу сатысынан

соттың жаңадан қарауына жолдана отырып, жойылған болса, сот басты сот талқылауын тағайындайды, алқабилердің жаңа алқасын қалыптастыруды жүргізеді және істі осы Кодекстің 65-тарауының ережелеріне сәйкес қарайды.»;

31) 615-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Күдікті, айыпталушы, сотталушы қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сәтінде сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін мәміле нысанында кінәні мойындау туралы процестік келісім жасасу туралы өтініш мәлімдеуге құқылы. Процестік келісім прокурордың бастамасы бойынша жасалуы мүмкін.»;

32) 660-бапта:

үшінші бөлік алып тасталсын;

төртінші бөліктегі «төрағалық етушінің алқабилерге арнап сөйлеген сөзіне байланысты тараптардың ескертулері немесе мұндай ескертулердің жоқтығы туралы;» деген сөздер алып тасталсын;

33) 662-баптың екінші бөлігі 5) тармағының бесінші абзацындағы «сот жарыссөздерін жүргізу;» деген сөздер «сот жарыссөздерін жүргізу кезінде жол берілген , сот төрелігі үкімінің шығарылуына ықпал еткен немесе ықпал етуі мүмкін бұзушылықтар негіз болып табылады.» деген сөздермен ауыстырылып, алтыншы абзац алып тасталсын.

17. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 17, 91-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнындағы «100-бап. Мекемелердегі жедел-іздестіру қызметі» деген сөздер « 100-бап. Мекемелердегі жедел-іздестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 35-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9) – 12) тармақтары және 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған, теріс себептер бойынша мемлекеттік немесе әскери қызметтен, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған, адвокаттық қызметпен айналысуға берілген лицензиядан айырылған адамдар да қоғамдық байқау комиссиясының мүшелері бола алмайды.»;

3) 41-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9)

– 12) тармақтары және 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған, теріс себептер бойынша мемлекеттік немесе әскери қызметтен, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған, адвокаттық қызметпен айналысуға берілген лицензиядан айырылған адамдар да ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары бола алмайды.»;

4) 49-баптың үшінші бөлігіндегі «іс жүргізуді не қылмыстық істі қозғау» деген сөздер «іс жүргізуді қозғау не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 100-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

**«100-бап. Мекемелердегі жедел-іздестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері»;**

бірінші бөлікте:

бірінші абзац «жедел-іздестіру қызметі» деген сөздерден кейін «және жасырын тергеу әрекеттері» деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мекемелерде дайындалып жатқан және жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың және жазаны өтеу тәртібін бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу;»;

екінші бөлік «Жедел-іздестіру қызметін» деген сөздерден кейін «және жасырын тергеу әрекеттерін» деген сөздермен толықтырылсын;

6) 165-баптың жетінші бөлігіндегі «Оңалту негіздері бойынша» деген сөздер « Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) , 2), 5), 6), 7) және 8) тармақтарының негізінде» деген сөздермен ауыстырылсын.

18. 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне:

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 652-1, 652-2 және 652-3-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

«652-1-бап. Бағынбау немесе бұйрықты өзгедей орындамау

652-2-бап. Бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету

652-3-бап. Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет атқару қағидаларын бұзу»;

2) 32-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әскери қызметшілер мен әскери жиында жүрген әскери міндеттілер, осы Кодекстің 652, 652-1, 652-2, 652-3 және 680-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметтік міндеттерін орындау кезінде жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін тәртіптік жарғылар бойынша жауаптылықта болады. Аталған ерекше жағдайларда, мерзімді әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерге

және әскери және арнаулы оқу орындарының курсанттарына әкімшілік айыппұл түріндегі әкімшілік жаза қолданылмайды. Арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару кезінде жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін тиісті органдарда қызмет өткеру тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жауаптылықта болады.»;

3) мынадай мазмұндағы 652-1, 652-2 және 652-3-баптармен толықтырылсын:

**«652-1-бап. Бағынбау немесе бұйрықты өзгедей орындамау**

Бағынбау, яғни бастықтың бұйрығын орындаудан бас тарту, сол сияқты қызмет мүдделеріне елеулі зиян келтірмеген, бастықтың белгіленген тәртіппен берген бұйрығын бағыныштының өзгедей қасақана орындамауы, –

жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе он тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

**652-2-бап. Бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету**

1. Бейбіт уақытта, әскерге шақыру бойынша немесе келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметші жасаған, ұзақтығы бес тәуліктен артық, бірақ он тәуліктен аспайтын уақытқа бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету, сол сияқты бөлімнен босатылу, тағайындау, ауыстыру кезінде, іссапардан, демалыстан немесе емдеу мекемесінен қызметке дәлелсіз себептермен мерзімінде келмеу, –

жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе он тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, ұзақтығы он тәуліктен артық, бірақ бір айдан аспайтын уақыттағы әрекеттер, –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе он бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

**652-3-бап. Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет атқару қағидаларын бұзу**

Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша әскери нарядтың құрамына кіретін адамның қызмет атқару қағидаларын бұзуы, егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.»;

4) 684-баптың бірінші бөлігі «652,» деген цифрлардан кейін «652-1, 652-2, 652-3,» деген цифрлармен толықтырылсын;

5) 804-баптың бірінші бөлігінде:

4) тармақшадағы «652-баптарында» деген сөздер «652, 652-1, 652-2, 652-3-баптарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы «652-баптары» деген сөздер «652, 652-1, 652-2, 652-3-баптары»

деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы «652-баптарында» деген сөздер «652, 652-1, 652-2, 652-3-баптарында» деген сөздермен ауыстырылсын.

19. «Жедел-іздестіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 13-14, 199-құжат; 1995 ж., № 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 275-құжат; 1998 ж., № 24, 436-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; № 15, 147-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 18, 106-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 17, 83-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 20, 158-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; 2014 ж., № 7, 33-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат):

6-баптың 1-тармағының 5) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет;»;

«7) экономикалық тергеу қызметі жүзеге асырады.».

20. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 35-құжат; № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 180-құжат; № 14, 274-құжат; 1997 ж., № 12, 183-құжат; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63, 64-құжаттар; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 1-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 18, 157-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2009 ж., № 24, 122, 125-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 16-бапта:

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік кіріс органдары Бизнес-сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде, қызметін тоқтататын заңды тұлға жөнінде салық берешегінің,

міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер береді не мұндай заңды тұлға Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда, берешегі туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартады.»;

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Заңды тұлғаны тарату тәртібінің бұзылуы анықталған кезде, сондай-ақ таратылатын заңды тұлғаның есептік тіркеуден шығарылмаған филиалдары (өкілдіктері) болған, салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болған не мұндай заңды тұлға Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда мемлекеттік кіріс органдары берешегі туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартқан жағдайларда, тіркеуші орган заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарады.»;

2) 16-1-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік кіріс органдары Бизнес-сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде шетелдік заңды тұлғаның қызметін тоқтататын филиалы (өкілдігі) жөнінде салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер береді не шетелдік заңды тұлғаның мұндай филиалы (өкілдігі) Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда, берешегі туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартады.»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) қызметін тоқтатудың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібінің бұзылуы анықталған кезде, сондай-ақ шетелдік заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болған не шетелдік заңды тұлғаның мұндай филиалы (өкілдігі) Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда мемлекеттік кіріс органдары берешегі туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартқан жағдайларда, тіркеуші орган филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден шығарудан бас тарту туралы шешім шығарады.».

21. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж.,

№ 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 12, 82-құжат; 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 48-1-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) кредиторлардың, мемлекеттік кіріс органдарының талаптары, оның ішінде даусыз (акцептсіз) тәртіппен қанағаттандыруға жататын талаптары бойынша банктің банк шоттарынан ақшаны өндіріп алуға, сондай-ақ банк мүлкінен өндіріп алуға жол берілмейді;»;

2) 50-бапта:

6-тармақтың д) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«д) салық органдарына мыналарға:»;

6-1-тармақта:

бірінші бөліктегі «салық қызметі органдарына» деген сөздер «салық органдарына» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «салық қызметі органының» деген сөздер «салық органының» деген сөздермен ауыстырылсын.

22. «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 206-құжат; 1998 ж., № 22, 307-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 48-құжат; № 12, 86-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 17, 81-

құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 21, 172-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат, № 10, 52-құжат; № 11, 61 -құжат; № 14, 84-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

31-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Нотариустың және аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының салық заңнамасын сақтауын бақылауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.».

23. «Шаруа немесе фермер қожалығы туралы» 1998 жылғы 31 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 2-3, 26-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 1-2, 6-құжат ; № 4, 26-құжат; № 24, 178-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 15, 106-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат):

2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бірлескен кәсіпкерлікке негізделген шаруа немесе фермер қожалығын тіркеген кезде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік шаруа немесе фермер қожалығының басшысына беріледі. Куәлікке мемлекеттік кіріс органының тиісті аумақтық бөлімшесінің басшысы куәландырған шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің тізімі қоса беріледі.».

24. «Ақша төлемі мен аударымы туралы» 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 11-12, 177-құжат; № 24, 445-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат ; № 10, 49, 51-құжаттар; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 13, 116-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат, № 11, 61-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

14-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бастамашы ақша жөнелтушінің банкіне, мемлекеттік кіріс органдарының инкассолық өкімдері табыс етілетін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген нормалар негізінде осы өндіріп алудың негізділігін растайтын атқарушы құжаттардың түпнұсқаларын не олардың көшірмелерін қоса бере отырып, инкассолық өкімді табыс етеді. Құжаттардың түпнұсқаларын не олардың көшірмелерін қоса беру қажеттігі туралы талаптарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

Мемлекеттік кіріс органдарының міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешекті өндіріп алуға инкассолық өкімдері пайдасына берешек өндіріліп алынатын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының тізімдерімен қоса банктерге табыс етіледі.»;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ақша жөнелтушінің банктік шотында ақша жеткіліксіз болған кезде мемлекеттік кіріс органдарының салық берешегін өндіріп алу туралы, жеке сот орындаушыларының және әділет органдарының атқару құжаттары бойынша инкассолық өкімін орындау мұндай шотқа ақшаның түсуіне қарай жүргізіледі.».

25. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1998 ж., № 15, 209-құжат; 1999 ж., № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 5, 116-құжат ; 2001 ж., № 13-14, 172-құжат; № 17-18, 241-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; 2007 ж., № 17, 140-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; № 24, 122, 126-құжат; 2010 ж., № 24 , 148-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 7, 54-құжат; 2012 ж., № 4, 30, 32-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат):

1) 6-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, алдын алуды және олардың жасалуына кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өз құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, мемлекеттік кіріс, әскери полиция органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі жүзеге асырады.»;

2) 18-баптың 2 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Заңсыз алынған мүлікті өз еркімен тапсырудан немесе мемлекетке оның құнын немесе заңсыз көрсетілген қызметтің құнын төлеуден бас тартылған жағдайларда өндіріп алу прокурордың, салық органдарының не заңмен бұған уәкілеттік берілген басқа да мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың талап қоюы бойынша соттың шешімімен мемлекет кірісіне жүзеге асырылады. Аталған органдар сот шешім шығарғанға дейін құқық бұзушыға тиесілі мүлікті сақтау жөнінде шаралар қолданады.» ;

«4. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген жағдайларда прокурор, салық органдары не заңмен бұған уәкілеттік берілген басқа да мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілеттік берілген адамдардың немесе оларға теңестірілген адамдардың заңсыз алынған мүлікті мемлекетке қайтару немесе оның құнын немесе заңсыз көрсетілген қызметтердің құнын төлеу бойынша міндеттер төлету туындаған кезден бастап бір айдан кешіктірмей заңсыз алынған мүлікті мемлекет кірісіне айналдыру және (немесе) заңсыз көрсетілген қызметтердің құнын өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінеді.».

26. «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, 435-құжат; 2001 ж., № 21-22, 286-құжат; 2003 ж., № 10, 53-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 8, 55-құжат; 2009 ж., № 11-12, 53-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат ; № 4-5, 24-құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

22-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінде , сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органда, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитетінде арнаулы мемлекеттік мұрағаттар құрылуы мүмкін.».

27. «Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы» 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, 446-құжат; 1999 ж., № 21, 763-құжат; 2005 ж., № 11, 40-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат, 2013 ж., № 15, 81-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«1-бап. Негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) елеулі залал – Қазақстан Республикасының аумағына тауар жеткізіп беру көлемінің өсуі салдарынан, атап айтқанда, сондай тауар өндіру көлемінің қысқаруынан, Қазақстанның ішкі рыногында отандық тауарды өткізудің қысқаруынан, сондай

тауарды өндіру рентабельділігінің төмендеуінен, жұмысқа орналасуға, жалақы деңгейіне теріс әсер етуден білінетін, Қазақстан Республикасындағы ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауардың отандық өндірісі саласындағы ахуалдың жалпы едәуір нашарлауы;

2) елеулі залал келтіру қаупі – елеулі залалдың анық болмай қоймайтындығы;

3) импорттық квота – Қазақстан Республикасының аумағына тауар импортын оның санына және (немесе) құнына қатысты шектеу;

4) қорғау баждары – ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарларды отандық өндірушілерге елеулі залал келтіруі немесе оны келтіру қаупін туғызуы мүмкін болатын мөлшерде және сондай жағдайларда Қазақстан Республикасының кедендік аумағына қандай да болсын тауар жеткізіп берілген жағдайларда мемлекеттік кіріс органдары алатын кеден бажының мөлшерлемесінен асып түсетін баждар;

5) қорғау шаралары – ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауардың отандық өндірушілеріне елеулі залал келтіретіндей немесе оны келтіру қаупін туғызатындай мөлшерде (отандық өндіріске абсолютті немесе салыстырмалы түрде) және жағдайларда Қазақстан Республикасының аумағына оның ішкі рыногындағы еркін айналыс үшін әкелінетін тауар жеткізіп беруге қорғау баждары және (немесе) квоталар белгілеу түрінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде қолданылатын әкімшілік-экономикалық ықпал ету құралдарының жиынтығы;

6) құпия ақпарат – ашылуы бәсекелестер үшін едәуір артықшылықтар беретін немесе ақпарат берген мүдделі тарап үшін едәуір қолайсыз зардаптары болатын ақпарат;

7) мүдделі тұлғалар (тараптар) – Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы; істі қарау объектісі болып табылатын ұқсас немесе тікелей бәсекелес отандық тауар өндіруші не қатысушыларының көпшілігі осындай тауар өндіретін отандық өндірушілер бірлестігі; істі қарау объектісі болып табылатын шетелдік тауар экспорттаушы мен шетелдік тауар өндіруші; отандық тауар импорттаушы немесе қатысушыларының көпшілігі осындай тауарды импорттаушылар болып табылатын отандық импорттаушылар бірлестігі; шет мемлекеттің үкіметі, тауарды шығарған немесе осындай тауарды экспорттаған елдің уәкілетті органы не осындай тауарды шығарған немесе оны экспорттаған елдер кіретін шет мемлекеттер одағының уәкілетті органы; тауарды тұтынушы немесе тұтынушылар бірлестігі; Қазақстан Республикасының атқарушы билік органдары; құқықтары мен мүдделері осы істі қарауда қозғалатын және осы Заңның 6-бабында аталған уәкілетті органның пікірі бойынша осы істі қарауды жүргізуге жәрдемдесе алатын өзге де тұлғалар;

8) отандық өнеркәсіп (отандық өндірушілер) – Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын, ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарларды өндірушілердің не ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарларды ұжымдық өндіруі Қазақстан Республикасының аумағында осы тауарлардың жалпы өндірісінің көпшілік

бөлігін құрайтын өндірушілердің жиынтығы;

9) тауардың алдындағы кезеңдегі импорты – тауар импортының алдындағы үш жылдағы, оларға қатысты статистикалық ақпарат бар орташа шамасы;

10) уақытша қорғау шаралары – Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде кеден органдары қорғау баждары түрінде қолданатын алдын ала қорғау шаралары;

11) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сауда және өндірістік қызмет мониторингін жүзеге асыратын, елеулі залалдың бар екендігін немесе оның келтірілу қаупін және қорғау шараларын енгізу қажеттігін анықтау жөнінде іс қарауды жүргізетін мемлекеттік орган;

12) ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауар – сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасының дәл сол бір кодымен жіктелетін және басқа тауарға толық ұқсас немесе сатып алушы тұтыну процесінде сондай тауарлармен басқа тауарды алмастыратындай немесе алмастыруға дайын болатындай, өзінің функционалдық мақсаты, қолданылуы, сапалық және техникалық сипаттамалары мен басқа да негізгі қасиеттері жағынан онымен салыстыруға болатын тауар;

13) істі қарау – ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды отандық өндірушілерге елеулі залал келтіретіндей немесе оны келтіру қаупін туғызатындай мөлшерде және жағдайларда Қазақстан Республикасының аумағына қандай да болсын тауардың әкелінуіне қатысты құжаттарды және басқа да айғақтарды қарау рәсімі.»;

2) 17-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Уақытша қорғау шараларын өзіне қатысты іс қарау жүргізілетін тауар үшін оларды енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының негізінде мемлекеттік кіріс органдары қолданады.»;

3) 23-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорғау баждарын енгізу туралы қаулысының негізінде мемлекеттік кіріс органдары оларды оған қатысты қарау жүргізілген, әкелінген тауардың бәрінен өндіріп алады. Қорғау баждары кеден баждарына, салықтарға және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге қарамастан өндіріліп алынады және бюджет есебіне жатқызылуға тиіс.».

28. «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, 448-құжат; 2002 ж., № 4, 34-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 19, 150-құжат; № 20, 152-құжат; 2010 ж., № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2013 ж., № 12, 57-құжат; 2014 ж., № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері

бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

20-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) экономикалық тергеу қызметі, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, қаруды кейіннен ішкі істер органдарына тапсыра отырып;».

29. «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 4, 102-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 6, 41-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 24, 122, 128 -құжат; 2010 ж., № 3-4, 11-құжат; № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 63-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат):

14-баптың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«14) нақты адамдардың қылмыстық-атқару жүйесінің, экономикалық тергеу қызметінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, сондай-ақ ішкі істер органдарының жедел бөлімшелерінің кадрлық құрамына жататындығын ашатын мәліметтер;».

30. «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 6, 190-құжат; 2001 ж., № 17-18, 245-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 15-16, 63-құжат; 2009 ж., № 24, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 24, 152-құжат; 2011 ж., № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; 2013 ж., № 13, 62-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат):

1) 32-баптың 2-тармағы 2) тармақшасының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«судьялар, адвокаттар, әділет органдарының жұмыскерлері, ішкі істер органдарының, прокуратураның, салық (қаржы) полициясының, кеден органдарының қызметкерлері, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен әскери қызметшілері, ішкі әскерлердің әскери қызметшілері, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері әскери полициясы мен тәртіптік бөлімдерінің әскери қызметшілері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, мемлекеттік кіріс органдарының қызметкерлері болып табылатын немесе болған адамдар;»;

2) 33-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Күзетте ұстау орындарында табылған және иесі анықталмаған ақша, бағалы қағаздар мен бағалы заттар алып қойылады, ол туралы хаттама жасалып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оларды өткізу құзыретіне кіретін уәкілетті органға беріледі.».

31. «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 649-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 15-16, 71-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 11, 61 -құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

7-бапта:

14) тармақша алып тасталсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) экономикалық тергеу қызметі террористік қылмыстар жасау құралдары ретінде пайдаланылуы мүмкін қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және өзге де нәрселерді Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы заңсыз өткізуді анықтау және оның жолын кесу жөніндегі іс-шараларды, сондай-ақ терроризмді қаржыландыру көздерінің, арналарының және тәсілдерінің алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді жүзеге асырады;».

32. «Демпингке қарсы шаралар туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 654-құжат; 2006 ж., № 1, 3-құжат; № 3, 22-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2013 ж., № 15, 81-құжат):

1) 30-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары демпингке қарсы уақытша шараларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің оларды тиесілі ақша сомаларын депозитке енгізу арқылы демпингке қарсы уақытша баж нысанында және ( немесе) Қазақстан Республикасы банкінің кепілдігі түрінде қолдану туралы шешімі күшіне енгізілгеннен кейін оның аумағына еркін айналысқа шығарылған немесе шығарылатын демпингтік тауар импортына қолданады. Бұл ретте демпингке қарсы уақытша шараларды қолдану нысанын өнім берушінің өзі таңдап алады. Демпингке қарсы уақытша баждар Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалатын тәртіппен алынады.»;

2) 32-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің демпингке қарсы баж енгізу туралы

шешімінің негізінде мемлекеттік кіріс органдары оны, баға бойынша міндеттемелер қабылданған өнім берушілердің тауарын қоспағанда, демпингке қарсы істі қарау жүргізілген барлық әкелінетін тауардан алады.»;

3) 42-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті органның өтініші бойынша демпингтік тауар импорты бойынша талқылау басталғаннан кейін мемлекеттік кіріс органдары бұдан әрі осы импортқа демпингке қарсы шаралардың қолданылуы мүмкін болуы үшін демпингтік тауар импортын есепке алуды жүргізеді.

3. Мемлекеттік кіріс органдары оларға қатысты істі қарау жүргізіліп жатқан демпингтік тауар импорты туралы мәліметтерді уәкілетті органға ай сайын хабарлап отыруға тиіс.».

33. «Субсидиялар және өтем шаралары туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 732-құжат; 2006 ж., № 1, 3-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат):

1) 25-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Уақытша өтем шараларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары өз аумағына еркін айналысқа шығарылған шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялайтын импорттық тауар берушілерге олар ресми жарияланғаннан соң күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданады. Кепілді ақша депозиттері түрінде алу тәртібін мемлекеттік кіріс органы белгілейді.»;

2) 32-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өтем бажын енгізу туралы шешімінің негізінде мемлекеттік кіріс органдары оны, баға бойынша міндеттемелер қабылданған өнім берушілердің тауарын қоспағанда, істі қарау жүргізілген, барлық әкелінетін тауардан алады.»;

3) 40-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«40-бап. Мемлекеттік кіріс органдарының шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған тауар импортын есепке алуы**

1. Уәкілетті органның өтініші бойынша істі қарау басталғаннан кейін мемлекеттік кіріс органдары өтем шаралары осы импортқа одан әрі қолданыла алуы үшін шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған тауар импортын есепке алуды жүргізеді.

2. Мемлекеттік кіріс органдары оларға қатысты ісі қаралатын шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялайтын тауарлар импортының көлемдері туралы ақпаратты уәкілетті органға ай сайын хабарлап отыруға тиіс.».

34. «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж.,

№ 21, 773-құжат; 2001 ж., № 13-14, 170-құжат; 2003 ж., № 4, 24-құжат; № 18, 142-құжат ; 2005 ж., № 14, 61-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 17, 140-құжат; № 19, 147-құжат; 2009 ж., № 24, 122, 126-құжаттар; 2010 ж., № 24, 148-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 20, 158-құжат; 2012 ж., № 5, 36-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 123-құжат; 2013 ж., № 8, 50-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат) :

13-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Азамат мемлекеттік қызметке кіру кезінде салық органдарына өзіне меншік құқығында тиесілі, салық салу объектілері болып табылатын табыстары мен мүлкі туралы декларацияны табыс етуге міндетті.».

35. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 10, 241-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 15-16, 73-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2014 ж., № 8, 44-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат):

2-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қауіпсіздік шараларын жүзеге асыру ұлттық қауіпсіздік, әділет, ішкі істер, әскери басқару органдарына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке және экономикалық тергеу қызметіне жүктеледі.».

36. «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 22, 406-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; 2005 ж., № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18 -құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; № 8, 52-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

69-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) кредиторлардың, салық органдарының талаптары, оның ішінде даусыз ( акцептсіз) тәртіппен қанағаттандыруға жататын талаптары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банктік шоттарынан ақша өндіріп алуға, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкіне аударуға жол берілмейді;».

37. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 1, 8-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; № 10, 56-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 17, 136-құжат; № 23, 179-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 64-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 11, 63, 67-құжаттар):

41-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына және коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға және мемлекеттік кіріс органдарына, құрылтайшыларға және өзге де тұлғаларға өз қызметі туралы ақпарат береді.

Шет мемлекеттер, халықаралық және шетелдік ұйымдар, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өтеусіз негізде беретін қаражат есебінен қызметін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органдарына осы қаражатты пайдалануы туралы есепті ұсынады.».

38. «Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 12-құжат; № 15-16, 232-құжат; 2003 ж., № 19-20, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат, № 20, 89-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат; № 21 -22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат, 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 12-3-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Астық экспорттаушы астықты Кеден одағының кедендік шекарасы және (немесе ) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізген кезде мемлекеттік астық ресурстарына астық беру жөніндегі міндеттемелерді орындағаны туралы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарына уәкілетті органның растауын табыс етуге міндетті.»;

2) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«22-бап. Астық қабылдау кәсіпорны қызметінің негізгі көрсеткіштерін жариялау**

Астық қабылдау кәсіпорындары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша жылдық балансты және пайда мен залал туралы есепті, олардың мемлекеттік кіріс органдарына тапсырылатын мерзімі келгеннен кейін күнтізбелік бір ай ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.».

39. «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 18-құжат; 2004 ж., № 2, 10-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 17-18, 76-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 3, 20-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

21-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Уәкілетті органдар мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен, мемлекеттік кіріс органдарымен, ішкі істер органдарымен және республикалық және өңірлік деңгейдегі басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әр тараптың өз функцияларын орындауы үшін қажет болатын есепті құжаттамамен және мәліметтермен өтеусіз негізде алмасады.».

40. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат;

№ 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 3, 21-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 67-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 25-3-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиялары жұмыстарының жылдық жоспары облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен, оның ішінде олардың әкімшілік-аумақтық бірлігінде есепті жылдағы сыртқы бақылауды жүзеге асыру үшін тиісті облыстың құрамына кіретін аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттерінен қаржыландырылатын бақылау объектілерін, сондай-ақ жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз ететін мемлекеттік кіріс органдарын қамтуға тиіс.»;

2) 27-баптың 1-тармағының 22-4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«22-4) салық төлеушіні тіркеу есебіне алу орны бойынша мемлекеттік кіріс органының облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетіне толық көлемде түсетін салықтарды төлеу жөніндегі салықтық міндеттемелерді орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешімдерін келіседі;»;

3) 31-баптың 1-тармағының 21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«21) салық төлеушіні тіркеу есебіне алу орны бойынша мемлекеттік кіріс органының аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетке толық көлемде түсетін салықтарды төлеу жөніндегі салықтық міндеттемелерді орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешімдерін келіседі;».

41. «Автомобиль жолдары туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 246-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 15, 125-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан»

және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жол қызметі, сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін, жол полициясы, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, кедендік, шекаралық, көліктік бақылау бекеттерін, ветеринариялық және фитосанитариялық бақылау бекеттерін қоспағанда, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары бойынан бөлінген белдеу шегінде ғимараттар мен құрылыстар салуға, сондай-ақ инженерлік коммуникациялар төсеуге тыйым салынады.».

42. «Теміржол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 23, 315-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 12, 82-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 17-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік кіріс органдары, шекара, ветеринария, фитосанитария органдары және басқа да органдар теміржол станциясы аумағындағы өз қызметтерін теміржол станциясының жұмыс режимінде жүзеге асырады.»;

2) 37-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кедендік бақылаудағы жүктің барар жерін өзгерту тиісті мемлекеттік кіріс органының келісімі болған кезде жүргізіледі.

Кедендік бақылаудағы жүкті тасымалдау адамдардың денсаулығы мен өміріне, жүру қауіпсіздігіне, экологиялық қауіпсіздікке, жүктің сақталуы мен сапалық жай-күйіне қатер төндірген жағдайда, жүктің барар жерін өзгерту мемлекеттік кіріс органдарын белгіленген мерзімде міндетті түрде хабардар ете отырып, олардың келісімінсіз жүзеге асырылады.»;

3) 41-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1. Кедендік тексеріп қарау мақсатында орналасуы мемлекеттік кіріс

органдарымен келісілген кірме жолдарда жүктерді, жүк-багажды вагондарға, контейнерлерге тиеуді, сондай-ақ олардан түсіруді тасымалдау процесіне қатысушылар жүзеге асыруы мүмкін.

Тасымалдау процесіне қатысушылардың тауарларды тиеуге (түсіруге), зақымдалған буманы жөндеуге, буманы ашуға, буып-түюге немесе қайта буып-түюге, сондай-ақ вагондарды, контейнерлерді беруге және алып кетуге, санитариялық паспорттар беруге , жүктерді, контейнерлерді сақтауға байланысты шығыстары және мемлекеттік кіріс органдарының не өзге де мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының бастамасы немесе нұсқауы бойынша осы жұмыстарды орындауға байланысты туындаған басқа да шығыстары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мөлшерде жүк жөнелтушілер, жүк алушылар есебінен өтеледі.»;

4) 43-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жүк жөнелтуші жүкті тасымалдауға ұсынған кезде тасымалдаушыға әрбір жөнелтілім үшін теміржол көлігі жүкқұжатын, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қажетті жағдайларда өзге де құжаттарды (сертификатты, лицензияны, ветеринариялық сертификатты, кедендік декларацияларды) беруге міндетті.

Кедендік декларация электрондық құжат түрінде ресімделген жағдайда, мемлекеттік кіріс органы тасымалдаушыға мемлекеттік кіріс органдарының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, тауарларды шығару туралы электрондық хабарламаны жібереді.»;

5) 46-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Вагондар, контейнерлер кедендік жете тексеру үшін ашылған жағдайда, оларды жаңа бекіту-пломбалау құрылғыларымен пломбалауды мемлекеттік кіріс органдары тасымалдау қағидаларына сәйкес қолдануға рұқсат етілген бекіту-пломбалау құрылғыларының түрлерімен жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік кіріс органдары салған бекіту-пломбалау құрылғылары жүк жөнелтуші мен тасымалдаушының бекіту-пломбалау құрылғыларына теңестіріледі.»;

6) 55-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тасымалдаушы жүк жөнелтушіні немесе экспедиторды олардың кінәсінен жүкті тасымалдауға кедергілер туындағаны (мемлекеттік кіріс органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың кідіртуі) және мұндай жүкті одан әрі тасымалдау үшін басқа тасымалдаушыларға тапсыру мүмкін еместігі туралы дереу телеграф арқылы немесе өзге де тәсілмен жүк жөнелтушіні немесе экспедиторды жасалған шартқа сәйкес хабардар етуге міндетті.

Жүк жөнелтуші, сондай-ақ экспедитор, егер шартта оған осындай міндеттемелер жүктелген болса, жүк тасымалдауға кедергілерді жою жөнінде шаралар қолдануға міндетті.»;

7) 70-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағында аталған сақтаудың шекті мерзімі аяқталғаннан кейін, тасымалдаушы багаж бен жүк-багажды уәкілетті мемлекеттік органдардың ( мемлекеттік кіріс органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың) билігіне береді. Осы кезден бастап жолаушы, жөнелтуші, алушы оларға багаждың, жүк-багаждың құнын өтеу немесе оларды алу мәселелері бойынша өтініш жасауға құқылы.»;

8) 79-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жүк жөнелтуші, жүк алушы, экспедитор Қазақстан Республикасы заңнамасының тауарлар экспортына, импортына, транзитіне арналған құжаттарды ресімдеу жөніндегі талаптарын мемлекеттік кіріс органдарының, шекаралық немесе басқа да түрдегі бақылау органдарының вагондар мен контейнерлерді кідіртіп қоюына әкеп соғатындай етіп бұзғаны үшін тасымалдаушының пайдасына вагондарды, контейнерлерді пайдалану ақысы мөлшерінде айыппұл алынады.».

43. «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 11, 36-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған « Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 33-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Теңіз портының иесі тиісті мемлекеттік органдардың (көлік, шекара, санитариялық-карантиндік, фитосанитариялық, мемлекеттік кіріс органдарының және басқаларының) лауазымды адамдарының бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруы үшін олардың теңіз портына келетін кемелерге кіруін қамтамасыз етуге міндетті.»;

2) 39-баптың 2-тармағының 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) мемлекеттік органдардың (шекара, санитариялық-карантиндік, фитосанитариялық, ветеринариялық, мемлекеттік кіріс органдарының және басқаларының) теңіз порты аумағында орналасатын жерін белгілеуді;»;

3) 42-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) тиісті мемлекеттік органдардың (шекара, санитариялық-карантиндік, фитосанитариялық, мемлекеттік кіріс органдарының және басқаларының) нұсқамасы

болғанда;».

44. «Саяси партиялар туралы» 2002 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 16, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2009 ж., № 2-3, 6-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат; № 21-22, 124-құжат):

1) 12-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органдары;»;

2) 15-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) мемлекеттік кіріс органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдер мен көлемде өзінің қаржылық қызметі туралы есепті табыс етуге міндетті.».

45. «Инвестициялар туралы» 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 1-2, 4-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 6, 46-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 11, 64-құжат):

1) 17-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы баптың 2-тармағына сәйкес қабылданған шешім туралы хабарламаны уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік кіріс органына жібереді.»;

2) 19-баптың бірінші бөлігінің 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы тіркеу орны бойынша мемлекеттік кіріс органының анықтамасы болған кезде қабылданады және тіркеледі.»;

3) 21-1-баптың 8-тармағының 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тиісті шаралар қолдану үшін мемлекеттік кіріс органдарына және қажет болған кезде өзге де мемлекеттік органдарға;

2) оларға сәйкес мемлекеттік заттай грант берілген инвестициялық келісімшарттар бойынша мемлекеттік кіріс органдарына, мемлекеттік мүлікті және (немесе) жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органдарға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға жіберіледі.».

46. «Пошта туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 17-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 16, 99-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 5, 35-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., №

10-11, 56-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; № 14, 87-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1-баптың 52) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«52) халықаралық пошта алмасу орны — халықаралық кіріс және шығыс пошта жөнелтілімдерін өңдеу жүзеге асырылатын, сондай-ақ мемлекеттік кіріс органдары көрсетілген жөнелтілімдерге кедендік бақылау жүргізетін, пошта операторының өндірістік объектісі;».

47. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 9, 41-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 9-10, 50-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 15-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 1, 4-құжаттар; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 10-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жеке сәйкестендіру нөмірі негізінде әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдердің есебін жүзеге асыруға және аптасына бір рет мемлекеттік кіріс органдарымен бірге әлеуметтік аударымдардың түсімін салыстыруды жүргізуге;»;

2) 13-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) есептелген және аударылған әлеуметтік аударымдар бойынша мемлекеттік кіріс органдарына есеп-қисап беруге міндетті.»;

3) 17-баптың 1, 2 және 2-1-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Уақтылы аударылмаған әлеуметтік аударымдар сомаларын мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе оларды төлеуші мерзімі өткен әр күн үшін (Қорға төлеген күнді қоса) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 2,5 еселенген ресми мөлшерлемесі мөлшерінде есептелген өсімпұлмен қоса Қордың шотына аударуға тиіс.

2. Әлеуметтік аударымдар толық және (немесе) уақтылы аударылмаған жағдайда, мемлекеттік кіріс органдары жиналып қалған берешек шегіндегі ақшаны төлеушінің

банктік шоттарынан өндіріп алуға құқылы.

Әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті өндіріп алу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен төлеушіге хабарлама жіберіле отырып, мемлекеттік кіріс органының инкассолық өкімі негізінде жүргізіледі.

Егер әлеуметтік аударымдар бойынша берешек республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі сомадан аспайтын болса, мұндай хабарлама жіберілмейді.

Төлеуші әлеуметтік аударымдар жүргізілетін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мерзімдерде мемлекеттік кіріс органына табыс етуге міндетті.

Клиентке қойылатын талаптардың бәрін қанағаттандыру үшін банктік шоттарда ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда банк клиенттің ақшасын алып қоюды Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген кезектілік тәртібімен жүргізеді.

Төлеушінің банктік шоттарында ұлттық валютада ақша болмаған жағдайда әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті өндіріп алу мемлекеттік кіріс органдары ұлттық валютада қойған инкассолық өкімдер негізінде төлеушінің банктік шоттарынан шетел валютасында жүргізіледі.

2-1. Осы баптың 2-тармағында көзделген хабарламаны берген күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі бар төлеуші міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімін ұсынбаған жағдайда, мемлекеттік кіріс органы төлеушінің банктік шоттар және касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.

Мемлекеттік кіріс органдарының өкімі бойынша банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар төлеушілердің банктік шоттарындағы барлық шығыс операцияларын тоқтата тұруға және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті әлеуметтік аударымдарды, зейнетақы жарналары мен салық берешегін аударуға қатысты нұсқауларды орындауға міндетті.

Мемлекеттік кіріс органының банктік шоттар және касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімінің күшін осындай өкімдерді шығарған мемлекеттік кіріс органы банктік шоттар және касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрудың себептері жойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жояды.»;

4) 23-1-баптың 2-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар үшін қосымша:

дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

мемлекеттік кіріс органдары берген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салыстыру актісі қоса беріледі.».

48. «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат ; № 15, 71-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 8, 44-құжат; № 14, 84-құжат):

6-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарына жүктеледі.».

49. «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж ., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 25-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат):

1) 6-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Көлік құралдары иелерінің осы Заңда белгіленген көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттерді орындауын мемлекеттік бақылауды Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.»;

2) 18-1-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) өтініш берушіні мемлекеттік кіріс органында есепке қою туралы куәліктің көшірмесі;».

50. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 134-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат ; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан

Республикасының Заңы):

1) 19-4-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1. Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде автокөлік құралдарының жүріп өтуін көліктік бақылауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.»;

2) 19-7-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы баптың бірінші бөлігінің 1), 2), 8), 9), 11), 15), 20) және 21) тармақшаларында көзделгендерді қоспағанда, Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде бақылау функцияларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.»;

3) 19-11-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Арнайы рұқсатты қозғалыс маршруты белгіленгеннен және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағымен автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган немесе мемлекеттік кіріс органдары береді.».

51. «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 174-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; № 16, 102-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 79, 82-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 8, 50-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 11-құжат; № 11, 65-құжат):

11-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы баптың 2-тармағында айқындалған уәкілетті органдар мемлекеттік кіріс органдарына Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық маңызы бар қалаларда, астанада және облыстық маңызы бар қалаларда сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.».

52. «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 17, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 7, 38-құжат; № 13, 87-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 21-құжат; № 12, 85-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде

жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

15-1-баптың 6-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) тендерлік өтінімдерді берген күнге, үш айдан аспайтын мерзімде салық берешегінің жоқтығы туралы мемлекеттік кіріс органының анықтамасын ұсынған әлеуетті инвесторлар қатысады.».

53. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 5, 3-құжат; № 13, 53-құжат, 2010 ж., № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 17, 136-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; 2014 ж., № 8, 49-құжат; № 14, 84-құжат):

7-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдары және экономикалық тергеу қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органдардың карауына жатқызылған қылмыстарды анықтайды, жолын кеседі, ашады және тергейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Экономикалық тергеу қызметі экстремизмді қаржыландыру көздерінің, арналары мен тәсілдерінің алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді жүзеге асырады.».

54. «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 11, 38-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 13-14, 63-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2012 ж., № 1, 6-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат):

1) 12-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Осы бап талаптарының орындалуын және валюталық қаражаттың қайтарылмауының негізділігін бақылауды мемлекеттік кіріс органдарымен және құқық қорғау органдарымен бірлесіп, оның ішінде өзара ақпарат алмасу жолымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.»;

2) 18-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жеке тұлғаның жалпы сомасы он мың АҚШ доллары баламасынан асатын қолма-қол шетел валютасын және (немесе) қолма-қол ұлттық валютасын (бағалы металдардан жасалған монеталарды қоспағанда) және жол чектерін Қазақстан Республикасына әкелуі немесе Қазақстан Республикасынан әкетуі, Кеден одағының кедендік аумағының құрамдас бөлігі болып табылатын аумақтан немесе аумаққа әкелінетін немесе әкетілетін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органында міндетті түрде кедендік декларациялануға жатады.

Кедендік декларациялау өткізілетін қолма-қол ақшаның және жол чектерінің шығу тегі және мақсаты туралы мәліметтер көрсетіле отырып, әкелінетін немесе әкетілетін қолма-қол шетел валютасының, қолма-қол ұлттық валютаның және жол чектерінің бүкіл сомасына жазбаша нысанда кедендік декларация беру арқылы жүзеге асырылады.

4. Жеке тұлғаның ұсынушыға арналған құжаттандырылған бағалы қағаздарды, вексельдерді, чектерді (жол чектерінен басқа) Қазақстан Республикасына әкелуі немесе Қазақстан Республикасынан әкетуі, Кеден одағының кедендік аумағының құрамдас бөлігі болып табылатын аумақтан немесе аумаққа әкелінетін немесе әкетілетін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органында міндетті түрде кедендік декларациялануға жатады.».

55. «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 3, 21-құжат; № 16, 99-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 17, 136-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 60-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 18, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 11-12, 54-құжат; № 15-16, 74, 77-құжаттар; № 17, 82-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 15, 71-құжат; № 22, 128-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1 , 2-құжат; № 2, 26-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

27-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды мемлекеттік тіркеу дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу кезінде мәлімделген орналасқан жері бойынша мемлекеттік кіріс органында (бұдан әрі — тіркеуші орган) дара кәсіпкер ретінде есепке қою болып табылады.»;

4-1-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік кіріс органы, егер:».

56. «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 10-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21, 26-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111 -құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 25-құжат; № 12, 84-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 9, 51-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

42-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) өтініш берушінің мемлекеттік кіріс органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқа берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмесі;».

57. «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 3, 19-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 101-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 14, 84-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

9-баптың 8-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) мыналар:

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 197-бабының 5-тармағына сәйкес салық агенттері болып табылатын;

шет мемлекеттің Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері болып табылатын;

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 191-бабының 8-тармағына сәйкес тұрақты

мекеме ретінде қаралатын тәуелді агенті арқылы қызметін жүзеге асыратын;
филиал, өкілдік ашпай тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын;
Қазақстан Республикасында салық салу объектілерін иеленуші;
резидент-банктерде ағымдағы шоттар ашатын резидент емес заңды тұлғаларды салық төлеушілер ретінде мемлекеттік кіріс органында тіркеу кезінде жүзеге асырылады.».

58. «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 128-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат):
9-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«4) мемлекеттік кіріс органының сұратуы бойынша бір ай мерзімде арнайы экономикалық аймақ аумағына әкелінген тауарлар мен жабдықтардың құрылыс процесінде пайдаланылу фактісін растайтын құжаттарды береді;».

59. «Экспорттық бақылау туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 132-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат ; № 10, 52-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):
9-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«8. Өнімнің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілуіне бақылау жасауды мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.».

60. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 18, 142-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 8, 41-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 95-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 11, 61-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):
17-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жылжымайтын мүліктің нақты объектісі жөніндегі ақпарат және жеке немесе заңды тұлғаның өзінде бар жылжымайтын мүлік объектілеріне құқықтары туралы жинақталған деректер, сондай-ақ мүлікті иеліктен шығару жөніндегі құжаттардың тіркеуші орган куәландырған көшірмелері құқық иесінің (уәкілетті өкілдің) сұрау салуы бойынша, іс жүргізіліп жатқан қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бойынша адвокаттардың, құқық қорғау, сот органдарының, іс жүргізіліп жатқан атқарушылық құжаттар бойынша сот орындаушыларының, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өз құзыретіне сәйкес мемлекеттік кіріс органының және басқа да мемлекеттік органдардың, нотариустардың, мұрагерлердің, тексеру жүргізу шеңберінде оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органның, оңалту және банкроттық рәсімдерін жүргізу шеңберінде уақытша, банкроттықты және оңалтуды басқарушылардың, мәжбүрлі түрде таратылатын заңды тұлғаның тарату комиссиясының (таратушының), қамқоршылық және қорғаншылық органдардың уәжді сұрау салулары бойынша беріледі.».

61. «Трансферттік баға белгілеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 15-16, 65-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 11, 80-құжат; 2013 ж., № 21-22, 115 -құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-бапта:

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«17) мәмілелер мониторингі бойынша есептілік – трансферттік бағаларды қолдана отырып есепті кезең ішінде жасалған мәмілені қоса алғанда, уәкілетті орган бекітетін тәртіп пен нысанға сәйкес мәмілеге қатысушы жыл сайын мемлекеттік кіріс органдарына ұсынатын мәмілелер бойынша деректер;»;

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«29) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органы;»;

2) 7-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы баптың бірінші бөлігінің 1), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген ақпарат осы Заңмен реттелетін мәмілелерді жасау кезінде мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу шамасына әсер ететін осындай шарттар мен деректер болған жағдайда мемлекеттік кіріс органдарына беріледі.»;

3) 9-баптың 2-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асыратын тексеруді және мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарын жүргізу тәртібі мен мерзімдерінің ерекшеліктері

Қазақстан Республикасының салық заңнамасында және Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалады.»;

4) 10-баптың 8-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармаққа сәйкес салық салу объектілеріне және (немесе) салық салумен байланысты объектілерге жасалатын түзету әрбір мәміле бойынша жеке-жеке, осы баптың 9-тармағында көзделген шарттарды сақтап, тиісті есептер қоса беріле отырып, мемлекеттік кіріс органдарына табыс етілетін тиісті салық есептілігінде көрсетілуге тиіс.»;

5) 13-баптың 8-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) шағым жасалған салық кезеңіне – салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) шағым берудің қалпына келтірілген мерзімі ескеріле отырып, хабарлама бойынша шағымды қарау нәтижелері жөніндегі жоғары тұрған мемлекеттік кіріс органы шығарған шешімге шағымды беру және қарау мерзімі кезеңінде жол берілмейді.»;

6) 14-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қызметтің осы саласы үшін рентабельділік Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика органдары, мемлекеттік кіріс органдары деректерінің және басқа да ақпарат көздерінің негізінде айқындалады.».

62. «Бәсекелестік туралы» 2008 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 125-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 14, 84-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 39-баптың 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«18) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, оның ішінде мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органнан, мемлекеттік кіріс органдарынан, нарық субъектілерінен, сондай-ақ лауазымды және өзге де жеке және заңды тұлғалардан осы Заңда көзделген өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді сұратады және алады;»;

2) 47-баптың 10-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Нарық субъектілері, олардың бірлестіктері мен басшылары, мемлекеттік органдар, оның ішінде мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган, мемлекеттік кіріс органдары, олардың лауазымды адамдары монополияға қарсы

органның осы Заңда көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыруы үшін қажетті анық құжаттарды, жазбаша және ауызша түсіндірмелерді және өзге де ақпаратты, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты монополияға қарсы органның талап етуі бойынша беруге міндетті.».

63. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 19, 87-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат):

1) 13-баптың 1-1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Банк шоттары бойынша шығыс операцияларын, бағалы қағаздарды ұстаушылар тіркелімдерінің жүйесіндегі және жеке шоттар бойынша номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеуді, сондай-ақ осы Заңның 12-бабының 1-тармағында көзделген, терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген ұйымдар мен жеке тұлғалардың ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен өзге де операцияларын қаржы мониторингі субъектілері сот шешімі, мемлекеттік кіріс органдарының инкассолық өкімдері, мемлекеттік кіріс органының иелік ету шектелген мүліктен өндіріп алу туралы қаулылары негізінде, сондай-ақ ұйым немесе жеке тұлға осы Заңда көзделген тәртіппен жоғарыда көрсетілген тізбеден шығарылғаннан кейін жүзеге асыруы мүмкін.»;

2) 18-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Кеден одағы кедендік аумағының құрамдас бөлігі болып табылатын аумақтан Кеден одағы кедендік аумағының құрамдас бөлігі болып табылатын аумаққа жүзеге асырылатын әкелуді немесе әкетуді қоспағанда, декларацияланған мәдени құндылықтарды, қолма-қол валютаны, ұсынушыға арналған құжаттандырылған бағалы қағаздарды, вексельдерді, чектерді Қазақстан Республикасына әкелу немесе Қазақстан Республикасынан әкету жөнінде ақпарат жинауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органы жүзеге асырып, кейіннен оны Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, белгіленген мерзімде міндетті түрде уәкілетті органға ұсынады.».

64. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан»

және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 45-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«45-бап. Борышкерге іздеу салу**

1. Борышкердің болатын жері белгісіз болған кезде сот орындаушысы ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі арқылы борышкерге іздеу салуды жариялау туралы ұсыныспен атқарушылық құжат орындалатын жердегі сотқа жүгінуге міндетті. Борышкерге іздеу салу жарияланған және оның өндіріп алуды қолдануға болатын мүлкі болмаған кезде атқарушылық іс жүргізу тоқтатыла тұрады.

Борышкердің орналасқан жері белгілі болған немесе оның мүлкі анықталған кезде атқарушылық іс жүргізу қайта басталады.

2. Борышкерге іздеу салуды соттың ұйғарымы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі жүзеге асырады.

3. Борышкерге іздеу салу жөніндегі шығыстар атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарға жатады және борышкерден мемлекеттік бюджетке сот арқылы өндіріп алынуға тиіс.

Борышкерге іздеу салу жөніндегі шығыстар іздеу салуды жүзеге асыратын органдардың өтініші негізінде айқындалады.»;

2) 169-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жеке сот орындаушысының салық заңнамасын сақтауын бақылауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.».

65. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» 2010 жылғы 29 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 8, 40-құжат; № 24, 149-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 5, 41-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 21-құжат; № 14, 84-құжат):

8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«8-бап. Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі органдардың құзыреті

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі органдар:

1) сыбайлас жемқорлықтың қауіп-қатері туралы халықтың хабардарлығын арттырады;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету мақсатында азаматтық қоғам институттарымен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

66. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 9, 43-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат):

1) 24-баптың бірінші бөлігінің 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) бақылау-кассалық машиналар орналастырылған жерде тұтынушының бақылау (тауарлық) чегін алу қажеттігі туралы және бақылау-кассалық машиналарын қолдану тәртібі бұзылған жағдайда оның мемлекеттік кіріс органына (тиісті мемлекеттік кіріс органының телефон нөмірін көрсетіп) жүгіну құқығы туралы қазақ және орыс тілдерінде ақпарат орналастыруға;»;

2) 33-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сатушы (дайындаушы, орындаушы) бақылау-кассалық машиналар орналастырылған жерде тұтынушының бақылау (тауарлық) чегін алу қажеттігі және бақылау-кассалық машиналарын қолдану тәртібі бұзылған жағдайда оның мемлекеттік кіріс органына жүгіну құқығы туралы қазақ және орыс тілдерінде ақпарат орналастырады.».

67. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 12, 60-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 6, 46-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 15, 97-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 37-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) жер қойнауын пайдалану құқығын не жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні сатып алушы туралы мәліметтерді:

заңды тұлғалар үшін – сатып алушының атауын, оның орналасқан жерін, мемлекеттік тиесілігін, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі және мемлекеттік кіріс органдарында тіркелуі туралы мәліметтерді, басшылары мен олардың

өкілеттіктері туралы мәліметтерді, қатысу үлестерінің (акциялар пакеттерінің) мөлшері көрсетіле отырып, қатысушылар туралы мәліметтерді, бағалы қағаздардың жалпы саны көрсетіле отырып, заңды тұлғаның осындай қағаздарының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы айналымы туралы мәліметтерді, сатып алушының еншілес ұйымдары туралы мәліметтерді;

жеке тұлғалар үшін – сатып алушының тегін, атын және әкесінің атын (ол болған жағдайда), заңды мекенжайын, азаматтығын, жеке басын куәландыратын құжаттары, мемлекеттік кіріс органдарында тіркелуі, кәсіпкерлік қызмет субъектісі ретінде тіркелуінің болуы не болмауы туралы мәліметтерді, сатып алушы қатысушысы (акционері) болып табылатын заңды тұлғалар туралы мәліметтерді;»;

2) 48-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) заңды тұлғалар үшін – өтініш берушінің атауы, оның орналасқан жері, мемлекеттік тиесілігі, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі және мемлекеттік кіріс органдарында тіркелуі туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы олардың үлестерінің мөлшері (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) көрсетіле отырып, өтініш беруші — заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, бағалы қағаздардың жалпы саны көрсетіле отырып, заңды тұлғаның осындай қағаздарының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы айналымы туралы мәліметтер, өтінім берушінің еншілес ұйымдары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда), заңды мекенжайы, азаматтығы, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттары, өтініш берушінің мемлекеттік кіріс органдарында тіркелуі, өтініш берушінің кәсіпкерлік қызмет субъектісі ретінде тіркелуі туралы мәліметтер;»;

3) 58-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) заңды тұлғалар үшін – өтініш берушінің атауын, оның орналасқан жерін, мемлекеттік тиесілігін, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі және мемлекеттік кіріс органдарында тіркелуі туралы мәліметтерді, жарғылық капиталдағы олардың үлестерінің мөлшері (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) көрсетіле отырып, өтініш беруші — заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтерді, бағалы қағаздардың жалпы саны көрсетіле отырып, заңды тұлғаның осындай қағаздарының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы айналымы туралы мәліметтерді, өтініш берушінің еншілес ұйымдары туралы мәліметтерді;

2) жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің тегін, атын және әкесінің атын (ол болған жағдайда), заңды мекенжайын, азаматтығын, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттары, өтініш берушінің мемлекеттік кіріс органдарында тіркелуі, өтініш берушінің кәсіпкерлік қызмет субъектісі ретінде тіркелуі туралы мәліметтерді;».

68. «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 4-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 5, 41-құжат; № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 7, 34, 36-құжаттар; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат):

1) 1-бапта:

9, 11-1), 11-2) және 11-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«9) құқық қорғау органының қызметкері (бұдан әрі – қызметкер) – құқық қорғау органдары жұмыскерлерінің арасынан арнаулы атақ немесе сыныптық шен берілген не біліктілік сыныбы белгіленген Қазақстан Республикасының азаматы;»;

«11-1) өзге де қару-жарақат салатын патрондармен атуға болатын ұңғысыз атыс қаруы, газды қару, электрлі қару, белгі беру қаруы, суық қару, лақтырылатын қару және қарудың басқа да түрлері;

11-2) полиграфологиялық зерттеу – адамның психофизиологиялық куәландыру кезінде пайда болатын жекелеген физиологиялық реакцияларын арнайы медициналық датчиктердің көмегімен тіркеуден тұратын сауалнама жүргізу рәсімі;

11-3) психофизиологиялық куәландыру – құқық қорғау қызметіне кандидаттардың, қызметкерлердің жеке-психологиялық және психофизиологиялық қасиеттерін жан-жақты бағалауға бағытталған іс-шаралар жиынтығы;»

мынадай мазмұндағы 12-1) және 21) тармақшалармен толықтырылсын:

«12-1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет – мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі органдардың сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге бағытталған қызметті жүзеге асыратын жедел-тергеу бөлімшелері;»;

«21) экономикалық тергеу қызметі – Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік кіріс органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстардың және құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге бағытталған қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыратын осы органдардың жедел-тергеу бөлімшелері.»;

2) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«3-бап. Құқық қорғау органдары**

Құқық қорғау органдарына өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі жатады.»;

3) 6-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Құқық қорғау органдарына қызметке қабылданатын азаматтар қызметке

жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссияларда медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуден міндетті түрде өтеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке тұратын азаматтар мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі органдардың тиісті бөлімшесінде полиграфологиялық зерттеуден өтеді.»;

4) 12-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сынақ мерзімі оның құқық қорғау қызметінде атқарып жүрген лауазымына сәйкестігін тексеру мақсатында белгіленеді. Сынақ мерзімі кезеңінде арнаулы атақ немесе сыныптық шен берілмейді, біліктілік сыныбы белгіленбейді.»;

5) 13-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) құқық қорғау органдарына бірінші рет қызметке тұратын, арнаулы атақ немесе сыныптық шен берілген, біліктілік сыныбы белгіленген адамдар;»;

6) 20-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қызметкерлерге олардың жеке басын және өкілеттіктерін растайтын қызметтік куәліктер мен жетондар беріледі.

Жетондар прокуратура органдарының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жедел-тергеу бөлімшелерінің қызметкерлеріне және экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлеріне берілмейді.

Қызметтік куәліктің сипаттамасын және жетондардың үлгілерін құқық қорғау органының басшысы бекітеді.»;

7) 21-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қызметкердің өзі қызмет өткеретін құқық қорғау органына байланысты оның құқық қорғау қызметіне тиесілігін көрсету мақсатында қызметкерлердің арнаулы атақтары, сыныптық шендері немесе біліктілік сыныптары бойынша нысанды киім және айырым белгілері белгіленеді.

2. Арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген немесе біліктілік сыныптары белгіленген қызметкерлер нысанды киіммен тегін қамтамасыз етіледі.»;

8) 4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Арнаулы атақтар немесе сыныптық шендер, біліктілік сыныптары»;

9) 22-бапта:

3-тармақтың 3) және 6) тармақшалары алып тасталсын;

7-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұрынғы сыныптық шенде, арнаулы немесе әскери атақта, біліктілік сыныбында болу мерзімі кезекті арнаулы атақ, сыныптық шен беру немесе біліктілік сыныбын белгілеу үшін еңбек сіңірген мерзімге есептеледі.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқық қорғау органдарына жүктелген негізгі міндеттер мен функцияларды тікелей орындайтын лауазымды адамдарға арнаулы атақтар немесе сыныптық шендер беруге, сондай-ақ біліктілік

сыныптарын белгілеуге құқық беретін лауазымдар тізбесін, өздерінің өкілеттіктеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

10) мынадай мазмұндағы 22-1-баппен толықтырылсын:

**«22-1-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерінің біліктілік сыныптары**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлері үшін мынадай біліктілік сыныптары мен онда болу мерзімдері белгіленеді:

1) орта басшы құрам:
6-санатты біліктілік сыныбы – бір жыл;
5-санатты біліктілік сыныбы – үш жыл;
4-санатты біліктілік сыныбы – төрт жыл;

2) аға басшы құрам:
3-санатты біліктілік сыныбы – бес жыл;
2-санатты біліктілік сыныбы – жеті жыл;
1-санатты біліктілік сыныбы – болу мерзімі белгіленбейді.

Біліктілік сыныптары белгілеу реттілігіне қарай алғашқы және кезекті болып бөлінеді.

6-санатты біліктілік сыныбы алғашқы біліктілік сыныбы болып табылады.

Кезекті біліктілік сыныптары алдыңғы біліктілік сыныптарында болу мерзімі өткеннен кейін реттілік тәртібімен белгіленеді.

2. Бір құқық қорғау органынан басқасына ауысқан кезде, сондай-ақ бұрын құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген сыныптық шені немесе біліктілік сыныбы бар қызметкерлерге, арнаулы немесе әскери атағы бар әскери қызметшілерге біліктілік сыныптарын немесе сыныптық шендерді, арнаулы немесе әскери атақтарды теңестіру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) орта басшы құрам:
6-санатты біліктілік сыныбы – лейтенант, 3-сыныпты заңгер;
5-санатты біліктілік сыныбы – аға лейтенант, 2-сыныпты заңгер;
4-санатты біліктілік сыныбы – капитан, 1-сыныпты заңгер;

2) аға басшы құрам:
3-санатты біліктілік сыныбы – майор, кіші кеңесші;
2-санатты біліктілік сыныбы – подполковник, кеңесші;
1-санатты біліктілік сыныбы – полковник, аға кеңесші.

3. Біліктілік сыныбында болу мерзімі қызметкерге тиісті біліктілік сыныбы белгіленген күннен бастап есептеледі. Бұл мерзімге лауазымдарда іс жүзінде қызмет өткерген уақыты, сондай-ақ қызметкердің құқық қорғау органының қарамағында

болған кезеңі кіреді. Қызметкерге кезекті біліктілік сыныбын белгілеуге ұсыну негізсіз кідіртілген жағдайда тиісті біліктілік сыныбы алдыңғы біліктілік сыныбында болу мерзімі өткеннен кейін келесі күннен бастап белгіленеді.

4. Біліктілік сыныптарын құқық қорғау органының басшысы белгілейді.»;

11) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«25-бап. Арнаулы атақтарда, сыныптық шендерде немесе біліктілік сыныптарында еңбек сіңірген жылдары мерзімін тоқтата тұру**

1. Қызметкерлерге кезекті арнаулы атақтар, сыныптық шендер немесе біліктілік сыныптары тиісінше құқық қорғау органының қарамағында болған кезде лауазымға тағайындалғанға дейін, алынбаған тәртіптік жазасы болғанда, қайта аттестаттау кезінде атқаратын лауазымына сәйкес келетіні туралы мәселе шешілгенге дейін, тергеуге дейінгі тексерулер, қылмыстық іс ақтайтын негіздер бойынша тоқтатылғанға дейін, ақтау үкімі заңды күшіне енгенге, қызметтік тергеп-тексеру аяқталғанға дейін берілмейді (белгіленбейді).

2. Тәртіптік жаза қолданудың заңсыздығы туралы шешім шығарылған немесе қайта аттестаттау кезінде атқаратын лауазымына сәйкес келетіні туралы мәселе шешілген, қылмыстық іс ақтайтын негіздер бойынша тоқтатылған, ақтау үкімі заңды күшіне енген кезде қызметкерлерге кезекті арнаулы атақ, сыныптық шен немесе біліктілік сыныбы атқаратын штаттық лауазымы бойынша атаққа, сыныптық шенге немесе біліктілік сыныбына кезекті арнаулы атақ, сыныптық шен немесе біліктілік сыныбы сәйкес болған кезде, оларды беру (белгілеу) мерзімі басталған сәттен бастап беріледі (белгіленеді).»;

12) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«26-бап. Арнаулы атақтарды, сыныптық шендерді немесе біліктілік сыныптарын мерзімінен бұрын немесе атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан, сыныптық шеннен немесе біліктілік сыныбынан бір саты жоғарылатып беру (белгілеу) тәртібі**

1. Полковникке дейін қоса алғанда, басшы құрамның кезекті арнаулы атағы, сыныптық шені немесе біліктілік сыныбы қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізгені және қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны үшін көтермелеу тәртібімен, алдыңғы арнаулы атақта, сыныптық шенде немесе біліктілік сыныбында еңбек сіңірудің белгіленген мерзімі өткенге дейін атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан, сыныптық шеннен немесе біліктілік сыныбынан бір саты жоғарылатып берілуі (белгіленуі) мүмкін.

2. Арнаулы атақтар, сыныптық шендер немесе біліктілік сыныптары мерзімінен бұрын арнаулы атақта, сыныптық шенде немесе біліктілік сыныбында еңбек сіңірудің

белгіленген мерзімдерінің кемінде жартысы өткенде беріледі (белгіленеді).

3. Ғылыми немесе академиялық дәрежесі не ғылыми немесе академиялық атағы бар, бұл ретте құқық қорғау органының білім беру ұйымында штаттық лауазымда қызмет атқаратын басшы құрам адамдарына кезекті арнаулы атақ, сыныптық шен немесе біліктілік сыныбы арнаулы атақта, сыныптық шенде немесе біліктілік сыныбында еңбек сіңірудің белгіленген мерзімі өткенде атқаратын лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан, сыныптық шеннен немесе біліктілік сыныбынан бір саты жоғарылатып берілуі (белгіленуі) мүмкін.

4. Атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан, сыныптық шеннен немесе біліктілік сыныбынан бір саты жоғары кезекті арнаулы атақ, сыныптық шен немесе біліктілік сыныбы алдыңғы арнаулы атақта, сыныптық шенде немесе біліктілік сыныбында еңбек сіңірген жылдарының кемінде бір жарым мерзімі өткен соң беріледі (белгіленеді).

Бұл ретте атқаратын лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан, сыныптық шеннен немесе біліктілік сыныбынан мерзімінен бұрын бір саты жоғары арнаулы атақтар, сыныптық шендер немесе біліктілік сыныптарын беру (белгілеу) құқық қорғау органындағы қызметінің бүкіл кезеңі ішінде әрбір негіз бойынша екі реттен артық жүргізілмейді.

Кезектен тыс арнаулы атақтарды, сыныптық шендерді немесе біліктілік сыныптарын беру (белгілеу) құқық қорғау органының басшысы айқындайтын тәртіппен қызметтің бүкіл кезеңі ішінде екі реттен артық жүргізілмейді.

5. Кіші басшы құрамдағы арнаулы атақтарды – уәкілетті басшы, ал орта және аға басшы құрамдағы арнаулы атақтарды, сыныптық шендерді немесе біліктілік сыныптарын мерзімінен бұрын немесе бір саты жоғары құқық қорғау органының басшысы береді (белгілейді).»;

13) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«27-бап. Арнаулы атақтарды, сыныптық шендерді немесе біліктілік сыныптарын төмендету, арнаулы атақтардан, сыныптық шендерден немесе біліктілік сыныптарынан айыру**

1. Арнаулы атақты, сыныптық шенді немесе біліктілік сыныбын бір сатыға төмендетуді тәртіптік жаза шарасы ретінде:

1) кіші және орта басшы құрам атағындағы қызметкерлерге – уәкілетті басшы;

2) аға басшы құрам атағындағы қызметкерлерге – құқық қорғау органының басшысы қолданады.

2. Арнаулы атақтардан, сыныптық шендерден немесе біліктілік сыныптарынан айыру мына қызметкерлерге қатысты тәртіптік жаза қолдану шарасы ретінде қолданылады:

1) полковникті, аға кеңесшіні қоса алғанға дейінгілерді – құқық қорғау органының

басшысы;

2) жоғары басшы құрамды Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген тәртіппен – Қазақстан Республикасының Президенті жүзеге асырады.

3. Арнаулы атақтағы, сыныптық шендегі немесе біліктілік сыныбындағы еңбек сіңіру мерзімі арнаулы атақты, сыныптық шенді немесе біліктілік сыныбын төмендету түрінде тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы бұйрық шығарылған күннен бастап үзіледі және арнаулы атақты, сыныптық шенді немесе біліктілік сыныбын қалпына келтіру туралы бұйрық шығарылған күннен бастап қалпына келтіріледі.

Атқаратын штаттық лауазымына қарамастан арнаулы атақтары, сыныптық шендері немесе біліктілік сыныптары төмендетілген қызметкерлер атқаратын лауазымына қарамастан бұрынғы арнаулы атағына, сыныптық шеніне немесе біліктілік сыныбына құқық қорғау органы басшысының немесе уәкілетті басшының бұйрықтарымен, бірақ арнаулы атағы, сыныптық шені немесе біліктілік сыныбы төмендетілген күннен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін ғана қалпына келтіріледі.

4. Қызметкерге бұрынғы арнаулы атағы, сыныптық шені немесе біліктілік сыныбы қайта қалпына келтірілгенге және оған кезекті арнаулы атақ, сыныптық шен немесе біліктілік сыныбы берілгенге (белгіленгенге) дейін арнаулы атақтан, сыныптық шеннен немесе біліктілік сыныбынан қайта төмендетілмейді.»;

14) 29-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Адам құқық қорғау органының басшысы бекітетін біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда лауазымға тағайындауды, қызметі бойынша ауыстыруды құқық қорғау органының басшысы немесе уәкілетті басшы жүргізеді. Конкурстық негізде орналасатын құқық қорғау органдарының лауазымдар тізбесі, құқық қорғау органдарында конкурс және тағылымдама өткізу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ құқық қорғау органдарының лауазымдар санаттарына қойылатын біліктілік талаптары мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі органдармен келісіледі.»;

15) 32-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«32-бап. Құқық қорғау қызметінің жоғары тұрған, тең дәрежелі немесе төмен тұрған лауазымдары**

1. Құқық қорғау қызметінің лауазымы, егер оған құқық қорғау қызметіндегі бұрынғы лауазымы бойынша арнаулы атағына, сыныптық шеніне немесе біліктілік сыныбына қарағанда неғұрлым жоғары шекті арнаулы атақ, сыныптық шен немесе біліктілік сыныбы көзделген болса, ал, арнаулы атақтары, сыныптық шендері немесе біліктілік сыныптары тең дәрежелі болғанда – құқық қорғау қызметінің лауазымы бойынша неғұрлым жоғары айлықақы көзделген жағдайда, ол жоғары тұрған лауазым болып есептеледі.

2. Құқық қорғау қызметінің лауазымы, егер оған арнаулы атағы, сыныптық шені немесе біліктілік сыныбы және құқық қорғау қызметіндегі лауазымы бойынша

айлықақысы құқық қорғау қызметіндегі бұрынғы лауазымы бойынша арнаулы атағына, сыныптық шеніне немесе біліктілік сыныбына және айлықақысына тең көзделген болса, тең дәрежелі лауазым болып есептеледі.

3. Құқық қорғау қызметінің лауазымы, егер оған құқық қорғау қызметіндегі бұрынғы лауазымы бойынша арнаулы атағына, сыныптық шеніне немесе біліктілік сыныбына қарағанда неғұрлым төмен шекті арнаулы атақ, сыныптық шен немесе біліктілік сыныбы көзделген болса, ал арнаулы атақтары, сыныптық шендері немесе біліктілік сыныптары тең дәрежелі болғанда – құқық қорғау қызметінің лауазымы бойынша неғұрлым төмен айлықақы көзделген болса, ол төмен тұрған лауазым болып есептеледі.»;

16) 36-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) құқық қорғау қызметін өткерудің және арнаулы атақтар, сыныптық шендер берудің немесе біліктілік сыныптарын белгілеудің реттілігі негізінде қамтамасыз етіледі.»;

17) 38-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қылмыстық іс ақталатын негіздер бойынша қысқартылған, ақтау үкімі заңды күшіне енген жағдайда қызметкердің лауазымы, арнаулы немесе әскери атағы, сыныптық шені, біліктілік сыныбы қалпына келтіріледі.

Адамның қызметін (лауазымын, атағын, сыныптық шенін немесе біліктілік сыныбын) қалпына келтіру, егер ол адам ақтау үкімі күшіне енген не қылмыстық істі ақталатын негіздер бойынша қысқарту туралы қаулы шығарылған кезден бастап үш ай ішінде орын алса, ол өтініш жасалған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей жүргізіледі.»;

18) 46-1-баптың 7-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Құқық қорғау органының қарамағында тұрған қызметкерді лауазымға тағайындау кезінде оның біліктілігі, атағы, біліктілік сыныбы, еңбек сіңірген жылдары, жұмыс өтілі, бұрынғы лауазымы ескерілуге тиіс.»;

19) 55-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) кезекті арнаулы атақты, сыныптық шенді немесе біліктілік сыныбын мерзімінен бұрын беру (белгілеу);»;

20) 56-баптың 2-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) арнаулы атағын, сыныптық шенін немесе біліктілік сыныбын бір сатыға төмендету;»;

21) 64-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қызметкерлердің ақшалай қаражаты лауазымдық айлықақыдан және арнаулы атағы, сыныптық шені немесе біліктілік сыныбы үшін берілетін қосымша ақыдан тұрады.»;

22) 81-бапта:

7-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Қызметтен (кеден органдарын қоспағанда) босатылатын қызметкерлерге біржолғы жәрдемақылар мынадай тәртіппен және мөлшерде төленеді:»;

8-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Біржолғы жәрдемақы соңғы штаттық лауазымы бойынша төленетін лауазымдық айлықақысы, қызметтен босатылған күнгі арнаулы атағы, сыныптық шені немесе біліктілік сыныбы үшін қосымша ақы негізге алына отырып есептеледі.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемін алу құқығынсыз қызметтен босату кезінде біржолғы жәрдемақылар төлеумен қатар құқық қорғау органдарының ( кеден органдарын қоспағанда) орта, аға және жоғары басқарушы құрамының қызметте болудың шекті жасына толғаннан кейін, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттарды қысқартуға байланысты қызметтен босатылған адамдарына арнаулы атақтары, сыныптық шендері немесе біліктілік сыныптары үшін қосымша төлемдері қызметтен босатылған күннен бастап бір жыл бойы сақталады. Төлемақыларды қызметкердің соңғы қызмет орны бойынша құқық қорғау органының қаржылық бөлімшесі жүзеге асырады.

Бұл ретте, егер көрсетілген мерзім ішінде қызмет атқарып жүрген құқық қорғау органдарының басқарушы құрамы адамдарының арнаулы атақтары, сыныптық шендері немесе біліктілік сыныптары үшін қосымша ақылары өсетін болса, тиісінше еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алу құқығынсыз қызметтен шығарылған құқық қорғау органдарының (кеден органдарын қоспағанда) орта, аға және жоғары басқарушы құрамы адамдарына төленетін осы қосымша төлем мөлшері де ұлғаяды.».

23) 82-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің және экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлері қызметте мынадай шекті жасқа:

1) 3-санатты біліктілік сыныбында – қырық сегіз жасқа;

2) 2-санатты біліктілік сыныбында – елу жасқа;

3) 1-санатты біліктілік сыныбында – елу бес жасқа дейін бола алады.».

69. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15 , 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 11-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; № 21-22, 115-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61, 67-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы

өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 12-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асыратын тексерулер тәртібінің, оларды жүргізу, ұзарту, тоқтата тұру мерзімдері, тексерулерді тағайындау, олардың нәтижелері мен аяқталуы туралы актіні ресімдеу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының Салық кодексінде айқындалады.»;

2) 16-баптың 3-тармағы үшінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мемлекеттік кіріс органдарында тіркеу есебіне қою;»;

3) 18-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына қатер төнген жағдайда мемлекеттік еңбек инспекциясының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы талаптардың сақталуы бойынша жоспардан тыс тексерулерін, мемлекеттік кіріс органдары Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жүзеге асыратын үстеме тексерулерді қоспағанда, тексеруді тағайындау туралы акт құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда міндетті түрде тіркеледі.

Тексерулерді тағайындау туралы актіні тіркеу есепке алу сипатында болады және тәуекелдерді басқарудың ведомстволық жүйелерін қалыптастыру мен жетілдіру үшін пайдаланылады.

Тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеудің болуы осындай тексерудің заңдылығына дәлел болып табылмайды.

Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына қатер төнген жағдайда мемлекеттік еңбек инспекциясының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы талаптардың сақталуы бойынша жоспардан тыс тексерулерін, мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асыратын үстеме тексерулерді тағайындау туралы актілер жөніндегі жалпы мәліметтер жеке кәсіпкерлік субъектілері бөлінісінде тоқсан сайын құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға беріледі.»;

4) 20-баптың оныншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асыратын тексерулерді жүргізудің, ұзартудың және тоқтата тұрудың тәртібі мен мерзімдерінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының Салық кодексінде айқындалады.».

70. «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 13, 113-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 11, 80-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

16-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Хабарламада мұнай өнімдерін өндірушінің, мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушінің немесе бөлшек сауда арқылы өткізушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе толық атауы, сәйкестендіру нөмірі, мемлекеттік кіріс органының атауы, хабарламаның күні, хабарламаны жіберу үшін негіздеме, оған шағым жасау тәртібі көрсетіледі.».

71. «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 15, 119-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 3, 19-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 11, 63-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 10-бапта:

2-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) тіркеу есебіне қою орны бойынша мемлекеттік кіріс органынан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегінің болуы немесе болмауы туралы анықтама;»;

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер заңды тұлға құжаттарды берген кезде Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарында салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеуде жоқ екендігі туралы анықтаманың көшірмесі ұсынылады.»;

2) 11-бапта:

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Арнайы экономикалық аймақтың басқару органы қызметті жүзеге асыру туралы шартты жасасқаннан кейін екі жұмыс күні ішінде бұл туралы мемлекеттік кіріс органдарына хабарлайды.

6. Мемлекеттік кіріс органдары арнайы экономикалық аймақтың басқару органының қызметті жүзеге асыру туралы шартты жасасқаны туралы хабарламасын алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен арнайы экономикалық аймақтың қатысушысын есепке алуды жүзеге асырады.»;

8-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Арнайы экономикалық аймақтың басқару органы мемлекеттік кіріс органдарына қызметті жүзеге асыру туралы шарттың тоқтатылғаны туралы хабарлайды.»;

3) 12-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) дара кәсіпкерді және заңды тұлғаны Қазақстан Республикасының аумағындағы тиісті тіркеу органы (әділет, мемлекеттік кіріс органы және статистика органы) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеуге тиіс.»;

4) 14-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Арнайы экономикалық аймақтың басқару органы өтінім тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтінім берген адамға, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақ әрекет ету аймағында орналасқан мемлекеттік кіріс органына осы адамға арнайы экономикалық аймақтың аумағында қосалқы қызметті жүзеге асыруға рұқсат берілгені туралы хабарлайды.»;

5) 26-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі қолданылатын арнайы экономикалық аймақ аумағында кедендік бақылауды Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.».

72. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 1, 3-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 94-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат):

1) 9-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, экономикалық тергеу қызметі және авариялық-құтқару қызметтері жатады.»;

2) 15-баптың 1-тармағының 4) және 14) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«4) мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі органдар – Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қызметтер көрсету салаларындағы біртұтас мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орган;»;

«14) қаржы саласындағы уәкілетті орган – қаржы мониторингін жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қолданатын, салық, кеден және бюджет заңнамасының сақталуын, мемлекеттік мүліктің ұтымды пайдаланылуын және сақталуын, экономикалық және қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ететін,

сондай-ақ экономикалық және қаржылық қызмет саласында адамның және азаматтың құқықтарына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардың алдын алуды, оларды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;».

73. «Магистральдық құбыр туралы» 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 11, 79-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда « Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

7-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өнімді магистральдық құбырмен өткізуді кедендік реттеуді жүзеге асырады.».

74. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 2, 9-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат):

1) 17-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ерекше жағдайларда техникалық, мәжбүрлі түрде қонуларды және гуманитарлық рейстерді, сондай-ақ мемлекеттік міндеттерді орындауға байланысты халықаралық ұшуларды орындау кезінде әуе кемелерінің қонуы мен ұшып шығуы халықаралық болып табылмайтын әуежайлардан немесе әуеайлақтардан жүргізіледі. Көрсетілген ұшулар Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарымен және өзге де мемлекеттік органдармен келісім бойынша азаматтық және мемлекеттік авиация салаларындағы уәкілетті органдар берген уақытша рұқсат болған кезде орындалады.»;

2) 19-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Мемлекеттік шекара арқылы көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды өткізу мемлекеттік кіріс органдарының және өзге де бақылаушы органдардың көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды Қазақстан Республикасына әкелу немесе Қазақстан Республикасынан әкету құқығына рұқсат беру белгілері болған кезде жүзеге асырылады.»;

3) 32-баптың 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды ресімдеумен және оларға қызмет көрсетумен айналысатын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік

комитетінің Шекара қызметі әскери қызметшілерінің, мемлекеттік кіріс органдары және өзге де органдар, көлік ұйымдары қызметкерлерінің өткізу пункттеріне кіруі:»;

4) 33-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі өткізу пунктінде қызметін өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік кіріс органдарымен және өзге де органдармен, сондай-ақ көлік ұйымдарымен келісу бойынша:»;

5) 34-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды жете тексеруді белгіленген және арнайы жабдықталған орындарда (тәуліктің кез келген уақытында, қажет болған жағдайда көлік ұйымы белгілеген көлік құралының кету уақытына қарамастан, оның ішінде қайтадан жете тексеруді) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарымен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі жүргізеді.»;

«3. Арнайы рұқсаттамалар ресімделген, пломба салынған (мөрленген) вагондар, контейнерлер, автомобильдер, трюмдер және көлік құралдарының өзге де үй-жайлары, сондай-ақ жүктер мен тауарлар, егер орамасының, мөрлерінің, пломбаларының бүтіндігі бұзылған болса, сондай-ақ оларда бөгде адамдарды жасыру белгілері болған жағдайларда, жете тексеру үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарымен бірлесіп Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің талап етуі бойынша ашылады.»;

6) 35-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Белгіленген үлгідегі рұқсаттамалары бар, бірақ қызметті ұйымдастырумен және бақылаумен айналыспайтын, сондай-ақ адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды ресімдеу және оларға қызмет көрсету бойынша ауысымда жүрмеген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери қызметшілеріне, мемлекеттік кіріс органдарының және өзге де органдардың, көлік ұйымдарының қызметкерлеріне өткізу пунктінің аумағында болуға тыйым салынады.»;

7) 36-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өткізу пунктінде болған кезде пломба салынған (мөрленген) вагондарды, контейнерлерді, автомобильдерді, трюмдерді және көлік құралдарының өзге де үй-жайларын, сондай-ақ жүктер мен тауарларды Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің талабы бойынша жете тексеру үшін ашуға міндетті. Мемлекеттік кіріс органдарының бөлімшелері бар өткізу пункттерінде ашу олардың өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі;»;

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Өткізу пунктінде қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік кіріс органдарының және өзге де органдардың, көлік ұйымдарының басшылары Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін:»;

8) 56-баптың 42) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«42) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарымен және көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, Қазақстан Республикасы көлік кешенінің қызметін үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен келісім бойынша өткізу пункттерінде адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді және тауарларды Мемлекеттік шекара арқылы өткізуді ұйымдастырудың үлгілік схемаларын бекітеді;»;

9) 57-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

**«57-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс органдарының құзыреті»;**

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары:»;

10) 67-баптың 1-тармағының 33) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«33) мемлекеттік кіріс органдары жоқ өткізу пункттерінде радиациялық бақылаудың техникалық құралдарын пайдалана отырып, автоматты немесе қолмен тексеру режимінде радиациялық бақылауды жүзеге асыруға;».

75. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 10-11, 55-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 1-құжат; № 6, 28-құжат; № 8, 49-құжат; № 11, 61-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда « Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 4-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген және біліктілік сыныптары белгіленген қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар адамдарға төленеді.»;

2) 10-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген және біліктілік сыныптары белгіленген қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар,

сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар адамдарға төленеді.»;

3) 24-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) осы Заңның 28-бабының 1-тармағына сәйкес есебіне жазылған өсімпұлды төлеудің толық және уақтылы жүзеге асырылуын бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.»;

4) 28-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Нақты төлем жасалған және жұмыскер табыс алған жағдайда агент уақтылы ұстап қалмаған (есебіне жазбаған) және (немесе) аудармаған міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомаларын мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе оларды мерзімін өткізіп алған әрбір күнге ( Орталыққа төлейтін күнді қоса алғанда) уәкілетті орган белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде есебіне жазылған өсімпұлмен бірге міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының пайдасына, өздерінің пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін жұмыскерлердің пайдасына агенттер аударуға тиіс.»;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары толық және (немесе) уақтылы аударылмаған жағдайларда, мемлекеттік кіріс органдары міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша жинақталып қалған берешек шегіндегі ақшаны агенттердің банктік шоттарынан өндіріп алуға құқылы.»;

3-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Агент хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік кіріс органына өздерінің пайдасына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек өндіріп алынатын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының тізімдерін, сондай-ақ өздерінің пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек өндіріп алынатын жұмыскерлердің тізімдерін ұсынуға міндетті.

Агенттердің банктік шоттарынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешекті өндіріп алу мемлекеттік кіріс органының инкассолық өкімі негізінде жүргізіледі.»;

4-тармақтың бірінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік кіріс органдарының өкімі бойынша банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар агенттердің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға және Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын , міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдар мен салық берешегін аударуға қатысты нұсқауларды орындауға міндетті.»;

«Агенттің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы мемлекеттік кіріс органы өкімінің күшін шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім шығарған мемлекеттік кіріс органы банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрудың себептері жойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жояды.»;

5 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Осы баптың 2-тармағында көзделген хабарламаны тапсырған күннен бастап он бес жұмыс күні өткен соң мемлекеттік кіріс органы орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен агенттің касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.»;

«7. Мемлекеттік кіріс органдары жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында агенттің сәйкестендіру нөмірін, басшысының тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек сомасын көрсете отырып, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешегі туындаған күннен бастап алты айдан астам мерзімде өтелмеген берешегі бар агенттердің тізімдерін жариялайды.»;

5) 64-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«64-бап. Еңбек сіңірген жылдары үшін Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін алу құқығы**

1. Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді қоспағанда), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген, біліктілік сыныптары белгіленген қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған мына:

1) әскери қызметте, арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген, біліктілік сыныптары белгіленген, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі қызметте кемінде жиырма бес жыл еңбек сіңірген, қызметте болудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекті жасына толған;

2) әскери қызметте, арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген, біліктілік сыныптары белгіленген, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі қызметте кемінде жиырма бес жыл еңбек сіңірген, штаттың қысқартылуына байланысты, өз еркі бойынша және денсаулық жағдайына байланысты қызметтен босатылған;

3) офицерлердің, прапорщиктердің (мичмандардың), арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген, біліктілік сыныптары белгіленген арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің

орта, аға және жоғары басшы құрамындағы адамдарының, сондай-ақ әскери қызметті келісімшарт бойынша өткеріп жүрген, әскери қызметте және арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген немесе біліктілік сыныптары белгіленген, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте болудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекті жасына толуына, штаттың қысқартылуына немесе денсаулық жағдайына байланысты қызметтен босатылған, жиырма бес және одан да көп жыл жалпы еңбек өтілі бар, олардың кемінде он екі жылы мен алты айын үзіліссіз әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі қызмет құрайтын адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

2. Қызметтен шығарылған және 1998 жылғы 1 қаңтарға он және одан да көп жыл еңбек сіңірген әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген, біліктілік сыныптары белгіленген қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға, осы баптың 1-тармағына сәйкес еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы алуға құқығы болмаған кезде Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері осы Заңға сәйкес жалпы негіздерде тағайындалады.

3. Әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар арасынан зейнеткерлерді әскери (арнаулы) атақ, сыныптық шен, біліктілік сыныбын бере отырып , мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде зейнетақы төлеу лауазымға тағайындалған күннен бастап тоқтатылады.

4. Құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған қызметкерлерінің осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша 2012 жылғы 1 қаңтардағы әскери (арнаулы) атағы, сыныптық шені бойынша тіркелген осы санаттағы адамдар үшін әскери және құқық қорғау қызметтерінде болудың шекті жасына сәйкес келетін жасқа толған кезде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.»;

6) 68-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Әскери қызметшілер арасынан, арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген, біліктілік сыныптары белгіленген және Қазақстан Республикасының ішкі істер, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті, прокуратура, Кеден комитеті, Төтенше жағдайлар комитеті органдарының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп қолданылатын арнаулы мемлекеттік органдардың

және прокуратура органдарының, ішкі істер органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің және Әділет министрлігінің бұрынғы Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті органдарының, қаржы полициясы органдарының және мемлекеттік өртке қарсы қызмет қызметкерлері арасынан зейнеткерлерге бұрын тағайындалған зейнетақы төлемдері қайта төлене бастаған кезде немесе Орталықтан төленетін зейнетақыны еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы етіп қайта тағайындаған жағдайда зейнетақылар еңбек сіңірген жылдары үшін берілетін зейнетақыны төлеу тоқтатылған кезге айқындалған мөлшерде, зейнетақыны төлеу тоқтатыла тұрған кезең үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізілген индекстеу есепке алынып төленеді.»;

7) 74-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. 28-баптың 4-тармағының қолданысы 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын. Тоқтата тұру кезеңінде көрсетілген тармақ мынадай редакцияда қолданылады:

«4. Мемлекеттік кіріс органдарының өкімі бойынша, егер агент міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек олардың пайдасына өндіріп алынатын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының тізімдерін ұсынбаса және міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек болса, банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар агенттердің банктік шоттарындағы барлық шығыс операцияларын тоқтата тұруға және міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдар мен салық берешегін аударуға қатысты нұсқауларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орындауға міндетті.

Банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы мемлекеттік кіріс органы өкімінің күшін шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім шығарған салық органы банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрудың себептері жойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жояды.».

76. «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 15, 80-құжат; 2014 ж., № 12, 82-құжат):

29-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ұлттық палата міндетті мүшелік жарна бойынша есеп-қисап жүзеге асыру үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген тәртіппен мемлекеттік кіріс органы берген мәліметтердің негізінде жыл сайын 1 шілдеге дейінгі мерзімде кәсіпкерлік субъектілеріне есеп шотын ұсынады.».

77. «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 4-5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің

аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 38-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Салықтарға және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге қатысты мемлекеттік кіріс органы және өзге де уәкілетті мемлекеттік орган, сондай-ақ азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелер бойынша кредитор — жеке және заңды тұлғалар борышкерді банкрот деп тану туралы кредитордың өтінішін сотқа беру құқығына ие болады.»;

2) 50-баптың 1-тармағының 2) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды есептемегенде, өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер олардың алдында жауаптылықта болатын азаматтарға төленетін төлемдерді қоспағанда, соттардың, аралық соттардың, мемлекеттік кіріс органдарының, сондай-ақ меншік иелерінің (құрылтайшылардың, қатысушылардың) немесе борышкер органдарының оның мүлкіне қатысты бұрын қабылдаған шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;»;

«4) кредиторлардың, мемлекеттік кіріс органы мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуді және (немесе) жинауды жүзеге асыратын өзге де уәкілетті мемлекеттік органның талаптары, оның ішінде даусыз (акцептісіз) тәртіппен қанағаттандырылуға жататын талаптары бойынша борышкердің банктік шоттарынан ақша өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мүлкіне өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді;»;

3) 68-баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды есептемегенде, төлеу мерзімі оңалту рәсімі қолданылғаннан кейін басталған, өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер олардың алдында жауаптылықта болатын азаматтарға төленетін төлемдерді қоспағанда, соттардың, аралық соттардың, мемлекеттік кіріс органдарының, сондай-ақ борышкер мүлкінің меншік иелерінің (ол уәкілеттік берген органдардың), құрылтайшылардың (қатысушылардың) оның мүлкіне қатысты қабылдаған шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;

4) оңалту рәсімі қолданылған салық кезеңінен кейінгі салық кезеңдері үшін салық есептілігіне сәйкес салық төлеуші есептеген, салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша мемлекеттік кіріс органы есебіне жазған салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленеді.»;

4) 77-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өткен салықтық кезеңдер және оңалту рәсімі қолданылған салықтық кезең үшін салықтық есептілікке сәйкес салық төлеуші есептеген, салықтық тексерулер нәтижелері бойынша мемлекеттік кіріс органы есепке жазған салықтарды және бюджетке

төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелер туындаған кезде, кредиторлар талаптарының тізіліміне, сондай-ақ оңалту жоспарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.»;

5) 89-баптың 2-тармағының 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«15) сот қорытынды есепті бекіткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде банкроттың банктік шоттарын жабуға, салық төлеуші куәлігінің және қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің бланкілерін (олар бар болған кезде) мемлекеттік кіріс органына тапсыруға, банкроттың мөрін жоюға;»;

6) 100-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Әкімшілік шығыстарға банкроттық рәсімі қолданылған салықтық кезеңнен кейінгі салықтық кезеңдер үшін салықтық есептілікке сәйкес салық төлеуші есептеген, салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша мемлекеттік кіріс органы есепке жазған салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жатады.»;

7) 112-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдар банкротты заңды тұлғалардың тіркелімінен алып тастау туралы бұйрықтарды сотқа және уәкілетті органға, сондай-ақ банкроттың орналасқан жері бойынша мемлекеттік кіріс органына жібереді.»;

8) 118-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сот қорытынды есепті бекіткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде банкроттың банктік шоттарын жабуға және салық төлеуші куәлігінің және қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің бланкілерін (олар болған жағдайда) мемлекеттік кіріс органына тапсыруға міндетті.»;

9) 123-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Борышкер кредитордың, мемлекеттік кіріс органының және өзге де уәкілетті мемлекеттік органның немесе прокурордың өтінішіне берген пікірінде өзінің дәрменсіздігін таныған жағдайда, қосымша құжаттарды ұсыну міндетті емес.».

78. «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 7, 36-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

96-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) банктен немесе оның филиалынан алынған анықтаманың және салық берешегінің жоқ екендігі туралы мемлекеттік кіріс органы анықтамасының болуымен расталған салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің, сондай-ақ сауда қызметінің субъектісіне қызмет

көрсететін банк алдында берешегінің жоқ екендігі көрсетілген төлем қабілеттілігі;».

79. «Жол жүрісі туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 8, 43-құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 2 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 38-баптың 3-тармағының 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жолдарды салуға, реконструкциялауға, күрделі жөндеуге, жөндеуге және күтіп-ұстауға, сондай-ақ жол сервисі, жол қызметі, сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін, полиция, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, кедендік, шекаралық, көліктік бақылау бекеттерін, ветеринариялық және фитосанитариялық бақылау бекеттерін орналастыруға байланысты емес жұмыстарды орындауға;

2) жолға күтім жасауға, оны салуға, реконструкциялауға, күрделі жөндеуге, жөндеуге және күтіп-ұстауға арналмаған және жол сервисі, жол қызметі, сыртқы (көрнекі) жарнама обьектілеріне, полиция, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, кедендік, шекаралық, көліктік бақылау бекеттеріне, ветеринариялық және фитосанитариялық бақылау бекеттеріне жатпайтын үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды және басқа да объектілерді орналастыруға;»;

2) 39-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) жол қызметінің, сыртқы (көрнекі) жарнаманың, полиция, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, кедендік, шекаралық, көліктік бақылау бекеттерінің, ветеринариялық және фитосанитариялық бақылау бекеттерінің нұсқағыштарын қоспағанда, бұру жолағында жол жүрісіне жатпайтын белгілер, нұсқағыштар орнатуға;».

80. «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» 2014 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 11, 68-құжат):

1) 7-бапта:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мүлікті (ақшадан басқа) жария ету комиссияға, мемлекеттік кіріс органына жария ету субъектілерінің мынадай құжаттарды:»;

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған мүлік бойынша (ақшадан басқа) – жария ету субъектісінің тұрғылықты жері бойынша

мемлекеттік кіріс органына;»;
6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«6. Өтінішті комиссия, мемлекеттік кіріс органы өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.»;
8-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«8. Осы Заңда белгіленген талаптар сақталған жағдайда, комиссия, мемлекеттік кіріс органы осы баптың 6-тармағында белгіленген мерзімде:»;
9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«9. Комиссия, мемлекеттік кіріс органы мүлікті жария етуден бас тартуды осы Заңның 2 немесе 3-баптарында көзделген талаптар сақталмаған кезде шешім қабылдау арқылы жүзеге асырады.
10. Мүлік (ақшадан басқа) комиссия, мемлекеттік кіріс органы жария ету туралы шешім шығарған күннен бастап жария етілді деп есептеледі.»;
2) 9-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған мүлікті жария ететін жария ету субъектілері мемлекеттік кіріс органына осы Заңның 7-бабының 1-тармағында айқындалған құжаттар тізбесіне қосымша мынадай құжаттарды:»;
3) 10-баптың 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған осы баптың 1 -тармағында көрсетілген мүлікті жария ететін жария ету субъектілері мемлекеттік кіріс органына осы Заңның 7-бабының 1-тармағында және осы баптың 1-тармағында айқындалған құжаттар тізбесіне қосымша мынадай құжаттарды:»;
4) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«17-бап. Шағым жасау тәртібі**

Комиссияның, мемлекеттік кіріс органының шешімдеріне, сондай-ақ мүлікті жария етуді өткізу кезіндегі өзге де әрекеттерге (әрекетсіздікке) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.».

**2-бап**. «Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы» 2002 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 145-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 62-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 11, 61-құжат; № 16, 90-құжат) күші жойылды деп танылсын.

**3-бап**. Осы Заң, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 15 , 16, 17 және 18-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК